Не спиритуализируя понимание Идеи Права, как это делали сторонники философского идеализма, развитие либерального институционализма можно представить на основе современных культурологических понятий. При этом соответственно

модернизируется и понятие правового института, которое должно теперь сочетать качества 1) формально-юридического, 2) социального и 3) культурного (социокультурного) института.

Одним из функциональных компонентов существования правовой культуры являются правовая наука и философия права как научно-теоретическая, понятийная форма правосознания, которая опредмечивается в правотворчестве и правоприменении, а через каналы правового образования и просвещения воздействует на другие формы правосознания. Философия права выступает также формой самосознания правовой культуры, благодаря которой она осознает себя как целое.

Правовая наука, изучая реальные правоотношения, создает объективную основу для правотворчества, для толкования правовых норм в процессе правоприменения. Правовая наука и философия права составляют основное содержание юридического образования, обновляемое по мере эволюции правовых систем. Философия права, кроме того, проясняет смысл и ценностные основания существующих правовых институтов, помогает определить стратегические направления их совершенствования.

Одним из подходов к правопониманию (как своеобразная реакция на положения правового позитивизма) является (казалось бы, ставшее аксиоматическим) положение о различении права и закона (об их нетождестве), которые иногда отличаются друг от друга существенно. Эта мысль весьма плодотворна и заслуживает поддержки, ибо на практике есть случаи, когда изданный государством нормативный акт, отвечающий, казалось бы, всем юридическим требованиям (он принят компетентным органом, при соблюдении кворума, установленной процедуры и порядка, имеет все требуемые реквизиты и т.д.), на самом деле оказывается неправовым, а антиправовым, чье содержание никак не укладывается в рамки права. В рассматриваемой концепции такой вывод вытекает из характерной для нее особой системы правопонимания. По В.С. Нерсесянцу, право – «это выражение смысла и принципа правовой свободы индивидов»; оно включает «лишь необходимый минимум права, то, без чего нет и не может быть права вообще, в том числе и правового закона» [2, с. 20]. Если речь идет о минимуме права, то, видимо, подразумевается или допускается «наращивание» этого минимума каким-то объемом дополнительного правового материала, который, наверное, следует оценить с точки зрения того, укладывается он в рамки правовой свободы индивидов или нет.

В научной литературе представлен весьма широкий диапазон основных представлений о праве, который конкретизируется в следующих положениях:

– право представляет собой совокупность норм, регулирующих поведение человека в обществе;

– право – это традиции и обычаи, которые признаны приемлемыми богами и, следовательно, указывают путь, которым человек может и должен следовать;

– право – закрепленная в нормах мудрость старейшин, которые учат общепринятому стандарту человеческого поведения;

– право представляет собой открытую философией систему принципов, выражающих сущность вещей и поэтому поведение человека должно согласовываться с ними;

– право выступает как совокупность установок и предписаний, следующих из вечного и неизменного морального кодекса;

– право есть совокупность соглашений между людьми в политически организованном сообществе относительно взаимоотношений друг с другом;

– право выступает как отражение Божественной воли, управляющей всей Вселенной, причем отражение той части, которая определяет должное поведение, адресованное людям в качестве принципов морали, нравственности;

– право представляет собой совокупность команд независимой власти в политически организованном обществе, которые указывают на то, как следует вести себя друг с другом;

– право есть система предписаний, открытых человеческим опытом, заключающаяся в свободе реализации своих индивидуальных интересов, ограниченных лишь интересами и волей других участников отношений;

– право – совокупность принципов, открытых философией и детально разработанных научными трудами юристов и их решениями по конкретным делам, которая указывает на то, что воля человека должна соответствовать и согласовываться с интересами других лиц;

– право – свод правил, наложенных на индивидов господствующим (доминирующим) классом;

– право – правила поведения, основанные на экономических и социальных законах, выявленных в ходе наблюдения с учетом взаимоотношений человека и общества и выраженных в пред-

писаниях, регламентирующих то, что дозволено человеку, а что нет [3, с. 40].

В основе каждого из приведенных подходов к выделению сущности права лежит какая-то первоначальная основа: воля, свобода, мораль, обычаи, традиции, опыт и т.д. В то же время все указанные взгляды можно сгруппировать в исторически сложившиеся правовые школы, провести классификацию по базовым позициям.

Например, Р. Паунд сводит все перечисленные идеи к четырем позициям. Первая гласит, что право существует для поддержания мира в обществе при любых обстоятельствах и любой ценой. Осуществляя эту цель, право игнорирует другие индивидуальные интересы и социальные потребности. При достижении данной цели отпадает и необходимость в праве, наступает его конец.

Вторая мысль заключается в том, что право представляет собой способ поддержания социального статус-кво. Сущность права состоит в том, что оно обеспечивает сохранность социальных институтов, позволяющих человеку иметь свою ячейку в обществе и избегать столкновения с другими индивидуумами.

Третья позиция сводит право к охране естественных прав. Право существует лишь для того, чтобы охранять эти права и позволять эффективно их осуществлять. При этом не может быть и речи о каких-то ограничениях прав.

Последняя идея состоит в том, что роль права сводится к тому, чтобы провозглашать и разрешать максимальное самоутверждение личности [3, с. 42].

Изложенная философская трактовка природы права требует расшифровки и конкретизации на предметном уровне правоведческого рассмотрения. В традиционном правоведении право при самой элементарной, строго юридической характеристике – это критерий «юридической правомерности»; право, будучи наукой о добре и справедливости, призвано быть основанием для отличий дозволенного и недозволенного [4, с. 39].

Для вопросов правоприменения весьма проблематично представлять право существующим «до» государственного признания. Например, обращаясь в суд, стороны апеллируют к праву не как к философской справедливости, а лишь к тому, которое «позитивно» выражено в нормах, официально признаваемых судебной властью как составной частью власти государственной.

Отмечая сущность самого факта государственного признания какой-либо нормы, – в частности в деятельности законодателя, – необходимо прояснить вопрос о природе права. Является ли законодатель абсолютно свободным в «конструировании» норм закона, или существует некое право, которое он не может не признать? Какова природа нормативного толкования? Представляется ли «создание права» актом чисто политическим?

Принципиальным моментом является связь природы права с феноменом правосознания, исходным пунктом которого служит правопонимание. Поэтому всякая трактовка природы права в наиболее существенных своих аспектах оказывается в прямой зависимости от лежащей в ее фундаменте концепции правопонимания. Именно на нее ориентируется законодатель, судья, орган конституционного надзора в указанных выше проблемных ситуациях.

Здесь возникают проблемы раскрытия природы права под углом зрения правосознания. Представляется, что в своей онтологической укорененности право по природе – образование духовное, оно есть результат определенного духовного усилия по формированию правил, норм поведения, которые упорядочивают общественную жизнь людей и их межличностные отношения. В этом смысле прав выдающийся правовед и философ И.А. Ильин: «Право говорит на языке сознания и обращается к сознательным существам… Самая сущность, самая природа права в том, что оно творится сознательными существами и для сознательных существ, мыслящими субъектами и для мыслящих субъектов» [5, с. 48].

Подчеркивая эту глубокую духовно-онтологическую укорененность права и его значимость, И.А. Ильин отмечал: «Человеку невозможно не иметь правосознание; его имеет каждый, кто сознает, что кроме него на свете есть другие люди. Человек имеет правосознание независимо от того, знает он об этом или не знает, дорожит этим достоянием или относится к нему с пренебрежением. Вся жизнь человека и вся судьба его слагаются при участии правосознания и под его руководством…ибо оно остается всегда одной из великих и необходимых форм человеческой жизни. Оно живет в душе и тогда, когда еще отсутствует положительное право, когда нет еще ни «закона», ни «обычая», когда никакой «авторитет» еще не высказался о «правом», иными словами, верном поведении. В основании его лежит все то же непосредственное убеждение в необходимости и возможности отличить «верное» и «допустимое» поведение от «неверного»

и «недопустимого», и регулировать жизнь людей на основании этого общеобязательного критерия» [5, с. 50].

Необходимо отметить, что философия права изучает смысл права, основные законы его бытия, связи права с идеалами, с человеком, обществом, духовным миром. Она стремится постичь законы бытия права, его место и роль в социокультурном мире разных цивилизаций, его связи с человеком, с общественным сознанием и культурой человечества. Философия права отличается высокой степенью абстрактности философских понятий и категорий. Идеологичность философии права предопределяет разнообразие взглядов на смысл, сущность права.

Так, если право – воплощение Божьего промысла, то в решении юридических вопросов должны принимать участие не только юристы, но и духовенство, или «люди религии» (как в исламских странах).

Право как возведенная в закон воля господствующего класса (или всего народа) допускает решение юридических дел не только по букве закона, но и по указанию функционеров политической партии, которая, предполагается, олицетворяет господствующий класс (или весь народ), выражая его волю.

Если право – средство поддержания порядка общественных отношений, то при ведении конкретных дел следует исходить из перспективы стабильности действующего права или возможностей изменения его в сторону улучшения (никак не ухудшения) правового положения участников правоотношений, рассматривать и решать лишь те споры и конфликты, которые обеспечены доказательствами, достаточными для обоснованного решения; в гражданских спорах – стремиться к компромиссу, взаимоприемлемому для сторон завершению спора, либо к принятию такого решения, которое, согласно закону, окончательно завершает спор, в делах же о нарушениях права – во всех возможных случаях восстанавливать нарушенное право, а правонарушителю на основе и в пределах закона назначать меру наказания ни чрезмерно мягкую, поощряющую других правонарушителей, ни непомерно строгую, ожесточающую наказанного индивидуума. При принятии и изменении законов основным мотивом законодателя должны быть безопасность общества, стабильность общественных отношений, социальное сотрудничество классов и других групп, составляющих народ.

Наконец, из расплывчатых и неопределенных философских позиций вытекают практически невыполнимые рекомендации типа: «законность представляет собой не просто исполнение законов, а исполнение именно тех законов, которые соответствуют высшим требованиям демократии, права, справедливости, гуманизма, которые являются отражением интересов человека, групп, слоев, всего населения».

Можно отметить, что философия права изучает право идеальное. Г.Ф. Пухта писал: «Положительное правоведение занимается существующим уже правом, философское – тем, которое должно быть» [6, с. 20]. Однако философия права не обязательно критикует действующее право и не всегда противопоставляет ему идеальное право, которое еще не существует. После воплощения в праве основных принципов гражданского общества (свободы, равенства, справедливости) критика множества частных недостатков действующего права стала задачей массового правосознания, нередко порождала заметные и значительные направления (движения за избирательные права женщин, ограничения продолжительности рабочего дня и другие), но не всегда стремилась принять философский облик. Вместе с тем философы права устремлялись к обобщению и обоснованию критических и позитивных идей массового правосознания только тогда, когда эти идеи выражали широко распространенные предложения глубоких правовых общественных реформ (требование социальных прав теорией возрожденного естественного права начала 20 века, движение за обеспечение прав личности и ее защиты от тоталитарных режимов середины 20 века и другие).

Философия права, при всей ее идеологичности, всегда ставила и ставит цель не только оценки действующего права, но и постижения природы и смысла права вообще. Любое идеологическое построение (на уровне доктрины) содержит и ответ на вопрос, «каким должно быть право», и утверждение, «что такое право». Если при помощи права стремятся осуществить какой-либо идеал, либо сделать право идеальным, необходимо сначала (или попутно) определить о чем идет речь, т.е. выяснить содержание идеала (если право – средство его достижения), и природу самого права, связанного с этим идеалом. Иными словами, при конструировании философской доктрины речь всегда шла как о содержании и принципах желательного (идеального) права, так и о понимании права вообще.

Важно отметить, что философия права качественно отличается высокой степенью абстрактности философских понятий и категорий; она, прив-

лекая для изучения права понятия и категории социологии, психологии, культурологи, экономических и других наук, стремится обнаружить место права в обществе, в общественном сознании, в истории цивилизаций, в общей истории человечества. Современные исследователи справедливо отмечают, что теория права выступает как индуктивное знание, исходящее из достижений конкретных юридических наук, тогда как философия права формируется в качестве дедуктивного знания о праве, выводимого из более общих знаний о мироздании [7, с. 35].

Философия права начинается там, где право рассматривается в его реальном бытии в обществе, в связи с общественным сознанием, государством, человеком. Так, сущность права рассматривается как единство его структурно-функциональных характеристик и существенности содержания, его особенности (отличности) и единичности (самодостаточности); как полнота социально-духовных ценностей и воплощение духа права, как его историко-культурная конкретность, как его подлинность, как нечто общее всем конкретно-историческим типам и формам, как «право вообще». Кроме этих аспектов, сущность права проявляется в единстве внутреннего (природы) и внешнего (корней); как система закономерностей его изменений, как идеал.

Природа права – это внутренний источник, движущая сила его развертывания, воспроизводства, развития. В этом плане необходимо отметить различные стороны права.

К объективной стороне относятся правовая деятельность, правоотношение, требование, норма, оценка, закон. С субъективной стороны природу права характеризуют потребность в праве, правовое существо, притязание как источник образования социального пространства, интенция, усилие, напряжение, самоограничение. Функциональная сторона права раскрывает ее регулятивную, ценностную, творческую природу праву, систему ее функций. Структурная сторона права включает правовое пространство, правовые акты, формы права, связи правовой практики, правоотношений и правосознания, логику. И, наконец, смысловая сторона включает идеи, ценности, идеалы, парадигмы.

Большинство определений сущности права опирается на обширные обоснования, на систему доводов и доказательств, лежит в основе различных философско-правовых концепций. Главная причина многообразия учений о праве и его сущности состоит в том, что эти учения поразному отражают право – сложнейшее по содержанию, формам существования, социальной и идеологической роли общественное явление.

**Литература**

1 Стратегия «Казахстан – 2050: новый политический курс состоявшегося государства». Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 14 декабря 2012 года // Казахстанская правда. – 2012. – 15 декабря.

2 Нерсесянц В.С. Философия права. – М.: Издательская группа НОРМА-ИНФРА, 1998.

3 Pound R. An Introduction to the Philosophy of Law. New Havenand London: Yale University Press, 1982.

4 Алексеев С.С. Философия права. – М.: НОРМА, 1997.

5 Ильин И.А. О сущности правосознания. – М.: Рарогъ. 1993.

6 Пухта Г.Ф. Энциклопедия права. О науке права // История философии права. – СПб., 1998.

7 Тихонравов Ю.В. Философские проблемы права. – М., 1972.

**References**

1 Strategija «Kazahstan – 2050: novyj politicheskij kurs sostojavshegosja gosudarstva». Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan – Lidera nacii N.A. Nazarbaeva narodu Kazahstana ot 14 dekabrja 2012 goda // Kazahstanskaja pravda. – 2012. – 15 dekabrja.

2 Nersesjanc V.S. Filosofija prava. – M.: Izdatel'skaja gruppa NORMA-INFRA, 1998.

3 Pound R. An Introduction to the Philosophy of Law. New Havenand London: Yale University Press, 1982.

4 Alekseev S.S. Filosofija prava. – M.: NORMA, 1997.

5 Il'in I.A. O sushhnosti pravosoznanija. – M.: Rarog#. 1993.

6 Puhta G.F. Jenciklopedija prava. O nauke prava // Istorija filosofii prava. – SPb., 1998.

7 Tihonravov Ju.V. Filosofskie problemy prava. – M., 1972.

Газизова Н.С.,
Толысбаева А.Д., Башаева Н.Д.

**Құқықтық білім беру – құқықтық мемлекет талабы**

Автор мақалада құқықтық білім беру – құқықтық мемлекет талабы жайлы қарастырған. Құқықтық білім саласының басқа мектеп пәндерімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Жастардың құқықтық өмірге ұмтылуы демократиялық қоғамның қозғаушы күші десек, ал оның тірегі азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін білуі болып табылады. Ендеше, жастарға құқықтық білім берумен, олардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру ісі – мемлекет алдындағы аса маңызды стратегиялық мәні бар бағыттардың бірі.

**Түйін сөздер:** құқық, білім, құқықтық мемлекет, құқықтық мәдениет, заң.

---

Gazizova N.S.,
Tolysbaeva A.D., Bashaeva N.D.

**Features of the teaching of law – legal state requirements**

In this article the author reviewed the features of the teaching of law – the requirement of law. In the field of education in the curriculum it occupies a special place right. In demoktraticheskom society youth aspiring to pravovovmu obrozovanie is the driving force, and its foundation is the knowledge of their rights and responsibilities. Appropriately, teaching youth legal education and instilling them the legal culture is one of the most important strategic directions.

**Key words:** law, education, rule of law, legal culture, law.

---

Газизова Н.С.,
Толысбаева А.Д., Башаева Н.Д.

**Особенности преподавания права – требования правового государства**

В данной статье автор рассмотрел особенности преподавания права – требования правового государства. В сфере образования в учебных программах особое место занимает право. В демоктратическом обществе молодежь, стремящаяся к правовому образованию, является движущей силой, а его основой является знание своих прав и обязанностей. Соответственно, преподавание молодежи правового образования и прививание им правовой культуры является одним из важных стратегических направлений.

**Ключевые слова:** право, образование, правовое государство, правовая культура, закон.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 340.11:32

**Газизова Н.С., *Толысбаева А.Д., Башаева Н.Д.**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.
*E-mail: t_aliya_79@mail.ru

# ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТАЛАБЫ

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы, бүкіл әлем қауымдастығы мойындап отырған демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет, ал оның ең қымбат қазынасы – адам және адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Құқықтық мемлекет ретінде еліміз құқықтық сауаттылық мәселесін басты орынға қойды. 1995 жылы маусым айында елімізде жаппай құқықтық білім беруді жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы қаулы қабылданды. Қаулыда құқықтық оқуды мектептерде бастауыш сыныптардан бастап неғұрлым кең көлемде енгізу қажеттігі атап көрсетілді [6]. Бұдан шығатын тұжырым не? Ол тәуелсіздік тұғырына көтерілген Қазақстанның алдында білім беру саласында жаңа қажеттіліктердің пайда болуы. Ғылым мен техниканың тез даму қарқыны, өндіріске шетелдік және отандық озық, жаңа технологиялар мен әдістердің енуі, қоғамның жаңа экономикалық қатынастарға көшуі республикамыздың білім беру саласында жүргізіп жатқан реформалық өзгерістерді жетілдіруді, білім сапасын арттыруды талап етеді.

Құқықтық мемлекет – ұзақ тарихи дамудың жемісі. Ол үрдіс күрделі, қиын, әрі сан-салалы, мол қаржыны, жалпы мемлекеттік деңгейдегі ұйымдық-құрылымдық шараларды, бүкіл педагогтар, зиялылар қауымының қажыр-қайратын, рухани ізденістерін қажет етеді. Демек ел, ұрпақ тағдыры үшін маңызы мен жауапкершілігі айрықша білім беру ісіне барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың бетбұрысы, қамқорлығы керек.

Кез келген адам өзі өмір сүрген ортада қоғамның бір мүшесі болып саналады, керісінше мемлекет өзінің әр азаматына баса назар аударуымен ерекшеленеді. Әрбір азамат өзінің әлеуметтік құқықтары мен бостандықтарын пайдалана білуі керек, бірақ оны жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуда, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс. Көптеген адамдар санасында құқық ұғымы жазалау, құқық бұзылуының ұғымдарымен байланысты түсіндіріледі. Бірақ құқық әділеттілік, теңдік, ізгілік және қоғамға негізделген тәртіп ережелері екенін естен шығармауымыз керек.

Құқықтық мемлекеттің әрбір азаматы құқықтық мәдениетті болуы керек. Ал, құқықтық мәдениет дегеніміз не? Қарапайым тұрғыда құқықтық мәдениет дегеніміз азаматтардың құқықтары

мен міндеттерін білуі ғана емес, сонымен қатар оны өз еркімен жүзеге асыра алу қабілеттілігі. Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті жөнінде, әсіресе мыналарды баса көрсетуге болады: біріншіден, кез келген азамат өзінің құқығын, бостандығы мен міндетін анық түсінуі әрі оны бағамдап, парықтай білуі, екіншіден, осыларды мүмкіндігінше, іс жүзінде, өз өмір тәжірибесінде пайдалана алуы тиіс.

Біз, егеменді елді құру барысындағы аз ғана уақыт ішінде құқықтық білім беру саласында біршама игі істерді атқарғанымызбен, әлі де атқарылар істер жетерлік. Сол істердің бірі құқықтық мәдениетті тұлғаларды даярлау. Бұл жерде ұлы педагог А.С.Макаренконың: «Анағұрлым қиын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін, әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген пікірін ұмытпаған жөн сияқты.

Құқықтық мәдениетті қалыптастырып дамыту – еліміздің болашағын айқындаушы көрсеткіштердің бірі десек, өскелең ұрпаққа сапалы құқықтық білім мен саналы тәрбие беру ұстаздар қауымынан білімділікті, құқықтық білімдерін үнемі жетілдіруді, нормативтік-құқықтық құжаттармен үздіксіз танысып, жұмыс барысында оларды басшылыққа алуда үрдіске айналдыруды, салалық мекемелермен, отбасымен тығыз ынтымақтастық қарымқатынас орнатуды және қажырлы еңбекті қажет етеді. Аталмыш салада еліміздің жоғары оқу орындарының, отандық заңгерлердің де рөлі ерекше болуы шарт.

Елбасымыздың «Қазақстан-2030» жолдауының, «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасының бағыттардың бірі – жоғарғы құқықтық сана мен құқықтық мәдениет [1,2]. Құқықтық білім берудің маңыздылығы күн өткен сайын арта түсуде. Заңды білу – заман талабына айналды. Әр азаматқа қазіргі қоғамдағы қарымқатынас заңдылықтарын терең ажырататын құқықтық сана, құқықтық мәдениет қажет. Осы екі элементтің іргетасы азаматтарда алдыменен отбасында қаланса, содан кейін мектеп қабырғасында жалғасады.

Құқықтық білім саласының басқа мектеп пәндерімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, аталмыш пәнге бөлінетін сағат сандары аз. Екіншіден, құқық пәні ҰБТ пәндеріне енбейді. Біздің пайымдауымызша, құқықтық мемлекет жағдайында өмір сүріп отырған әрбір азамат құқықтық сауатты болуы қажет. Бұл салада мектептегі білім аздық етеді. Осыған қарамастан құқық пәнінің мамандары факультатив, арнайы курстар есебінен білім беруге машықтануда. Орта білім беру мекемелерінің барлығында құқықтық білім беру төменгі сыныптардан басталмайды. Ішінара мектептер «Азаматтық білімге кіріспе», «Құқықтану» т.б. пәндерді енгізген. Әрине, құқықтық білімге көңіл бөлінген мектептердің осы саладағы білімдері басқаларға қарағанда алдыңғы қатарда тұр. Республикамыздың көптеген мектептерінде құқықты оқыту орта және бастауыш буындарда базистік оқу жоспарларының қосымша сағаттары есебінен жүргізілуде. Жүйелі құқықтық курстардың болмауы өмірде болып жатқан өзгерістерге тұтас көзқарасты толық дәрежеде қалыптастыруға, құқықтық салдардың мәнін түсінуге мүмкіндік бермейді. Негізгі талаптардың, типтік бағдарламалар мен оқулықтардың болмауы жұмыстың алға басуына кері әсерін тигізуде. Сондықтан орта білім беру жүйесіне енуде аталмыш мәселе өзіндік орнын табу керек деп ойлаймын [8].

Кейінгі кездері мамандардың білім деңгейінің төмендігі туралы да пікірлер айтылуда. Құқық пәнін бастауыш сыныптан бастап жүйелі түрде 11 сыныпқа дейін оқытып, заңгер мамандығын таңдаған талапкерлер үшін ҰБТ пәндерінің қатарына бейіндік пән ретінде енгізетін болсақ, болашақ заңгерлердің білім деңгейлерінің артуына мүмкіндік туар ма еді. Жоғары оқу орындарында «Құқық және экономика негіздері» мамандығы болашақ құқық пәні мұғалімдерін даярлап жатқандықтан, пәнді оқытатын мұғалімдерге қатысты мәселе туындай қояды деп ойламаймыз. Аталмыш саладағы мамандардың ойлары да осыған келіп саяды. Заң ғылымдарының докторы, профессор А.Н.Ағыбаев: «Конституциямызды дамытуға, заңдардың орындалуына әр азамат үлес қосуы тиіс. Біз құқықтық мемлекет орнатып жатқан елміз. Құқықтық мемлекетте азаматтардың құқықтық білімі, сауаты мен мәдениеті жоғары болуы қажет. Ол үшін Парламент «Құқықтық білім беру» туралы заң қабылдау керек. Халыққа насихаттайтын жолдарды үйрету қажет. Оны насихаттау мәселесі әлі дұрыс жолға қойылған жоқ. Өйткені, бұқаралық ақпарат құралдарынан байқап жүрміз, қарапайым мәселелерді халық білмейді, түсінбейді. Ал құқықтық мемлекеттің міндеті – сауатын жоғары деңгейге көтеру», – дейді [15]. Бұл жөнінде Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Егер де өзім бүгін заңға қайшы келсем, заңға қарсы шықсам, онда ертең құқығым табанға басылған кезде менің сол құқығымды кім жақтайды, кім қолдайды? деп ойлау керек», – деп еді.

Құқықтық ағарту немесе құқықтық білім қалыптастыру – заң ережелерін білу, оны насихаттап, күнделікті тұрмыста ұстана алатын дәрежеге жеткізу. Бұл іргелі білім қалыптастыру, оны жүйелі түрде жүзеге асыру, оқушылардың алған білімінің күнделікті тұрмыс талаптарына сәйкестігі мен адамгершілік нормаларына сабақтастығы оның негізділігінің белгісі ретінде қарастырылады. Барлық орта білім беру мекемелерінде құқық пәнінің жүйелі оқытылуы, оқушылардың құқықтық мәдениеттілігін қалыптастыруға бағытталуы, оларда құқықтық сана қалыптастыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар жастар және балалармен жұмыс істейтін мамандықтардың барлығында құқықтық әлеуметтендіру жұмыстарына даярлық осы құқықтық мәдениет қалыптастыру аясында болуы керек. Жастардың құқықтық білімі, ең алдымен, жеке тұлғаның құқықтық дамуының сипаты мен дәрежесін көрсетеді. Жастардың құқықтық білімін көтеру үшін теориялық-әдіснамалық негіздемелерін анықтау өте қажет. Қазіргі кезеңде құқықтық білім беруде дамыған елдердің жетістіктері мен өз еліміздің тарихи құндылықтарын біріктірудің маңызы өте зор.

Қазіргі кезеңдегі құқықтық білім беруде құқықтық тәрбие мен білім берудің тұтас жүйесін құру қажеттігі туындайды. Бұл салада әр категория халықтарының білім берудегі, кәсіби және жас аралық ерекшеліктерін ескеру маңызды. Құқықтық білім берудің бұрынғы концепциясы негізінде жаңа қоғамдық өмірге лайықталған концепциясын құрастыру қажет.

Түбінде құқықтық мемлекет құруды мақсат ететін әрбір мемлекет азаматтарына құқықты оқытуға ерекше көңіл бөлінуі тиіс, оқыту бағдарламаларын кеңейтуге, құқықты оқытуға бөлінетін сағат саны мен құқықтық әдебиеттерді көбейтуге, құқықтық тәжірибені дамытуға мүдделі болуы керек. Балаларға мектеп жасынан қоғамдық тәртіпті қатаң сақтауға, өзгелердің арожданын құрметтеуге үйрету арқылы құқықтық білім беру керек.

Жалпы педагогикалық теориямен бекітілген жастарға құқықтық білім берудің негізгі мақсаты заңды құрметтеуді қалыптастыру және өмірлік практикада белсенді пайдалана білу. Бұл білім міндеттерден тұрады: қол жетерлік (жас ерекшеліктеріне байланысты), жүйелілік, практикалық маңыздылығы құқықтық білім беруде екіге бөлінеді:

1. Жалпы азаматтық құқықтық білімдерді меңгерту;

2. Кәсіби қызметіне байланысты құқықтарды меңгерту;

Біріншісі – жалпы білім беретін орта мектептерде шешілсе, екіншісі – кәсіби-техникалық, арнайы орта және жоғары оқу орындарында [4, 5].

Құқықтық білім берудегі міндеттерді шешуде орта және жоғары мектептерде жастарға құқықтық білім беру және тәрбиелеу мәселелері құқық пәндері бойынша ғылыми өңделген, жан-жақты теориялық базасы жағынан жабдықталған және әдістемелік білім беру жағынан қамтылғаны қажет. Міне ғалымдардың, құқық пәні мұғалімдерінің көзқарастары осыған келіп саяды [7-14]. Әйгілі Перикл де мемлекетті басқару жүйесін жетілдіруде құқықтың алатын орнын айрықша атаған. Сондай-ақ, Аристотель адамдардың құқықтық жағдайларын жақсарту мақсатында азаматтық қоғам құру – құқықтық мемлекеттің негізгі нысаны екендігіне өзіндік бағдар береді.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында: «...Оқушыларға қазірдің өзінде қажетті инновациялық курстар жоқ. Мысалы, өте көкейкесті болып табылатын «Қазақстан құқығы» (оның болмауы жастардың құқықтық нигилизмі мен сауатсыздығына соқтырады), «Өлкетану» (туған жерге махаббат отаншылдықтың негізі ғой), жеке табысқа жетудің, жеке тұлғаның әлеуметтенуінің әдістемесі сынды «Акмеология» сияқты пәндер қайда? Олардың жоқтығы жастардың едәуір бөлігінің әлеуметтік инфантилизміне, ересек өмірге бейімделе алмауына, басқа да келеңсіздіктерге ұрындырады...» демеп пе еді [3].

Жастардың құқықтық өмірге ұмтылуы демократиялық қоғамның қозғаушы күші десек, ал оның тірегі азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін білуі болып табылады. Ендеше, жастарға құқықтық білім берумен, олардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру ісі – мемлекет алдындағы аса маңызды стратегиялық мәні бар бағыттардың бірі.

**Әдебиеттер**

1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» (Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы). – Алматы, 1998.

2 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

3 Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. //Егемен Қазақстан. 2012 ж. 10 шілде.

4 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 26 желтоқсан, 2003 ж.

5 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 11 қазан, 2004 ж.

6 Қазақстан Республикасының «Жалпыға бірдей міндетті құқықты оқытуды ұйымдастырудың шаралары» Қаулысы 21 маусым – 1995 ж.

7 Мухтарова А.К., Булуктаев Ю.О., Жиренчин К.А. Концепция гражданского и правового образования в средних школах Республики Казахстан // Жалпы тарих және құқықтану мектепте. №2-3/2004. – Б. 37-42.

8 Газизова Н. Құқық негіздері қалай оқытылуда? // Қазақ тарихы. – 2002. – N3. – Б. 69-71.

9 Құнапина Қ. Құқық пәнін оқытуда қойылатын талаптар. //Қазақстан тарихы, №8, 2005. – Б.12.

10 Жұрынбаев Е. Жастар және құқықтық тәрбиенің маңызы //Ақиқат. – №7/2006. – Б. 64-66.

11 Жарықбаева Д. Құқықтық тәрбиенің қоғамдағы рөлі мен маңызы //Бастауыш мектеп.– №7/2007. – Б. 21-23.

12 Кәкім М. Заңды білу -заман талабы. //Қазақ тарихы. – №2/2004. – Б. 150-155.

13 Ғалы Ж. О. Құқықтың және қазіргі кездегі ұлттық заңнаманың көкейкесті мәселелері = Актуальные проблемы права и современного национального законодательства: Мат. Респ. научно-практ. конф., посв. 10-ю Уголовного и УПК РК (21-22 сент.) – Караганды, 2007. – С. 286-288.

14 Төлегенова Б. Жастарға құқықтық тәрбие беру- жаңа қазақстандық азамат қалыптастырудың алғы шарттарының бірі. // Қазақстан тарихы. Әдістемелік журнал. – 2008. – №11 – Б. 76-80.

15 http://today.kz/news/azastan/2013-08-30/415101-44430-2.

**References**

1 Nazarbaev N.Ə. «Kazakstan – 2030» (El Prezidentinin Kazakstan halkyna Zholdauy). – Almaty, 1998.

2 KR Prezidentinin «Kazakstan-2050» strategijasy kalyptaskan memlekettin zhana sajasi bagyty» atty Kazakstan halkyna Zholdauy

3 N.A. Nazarbaev. Kazakstannyn aleumettik zhangyrtyluy: Zhalpyga Ortak Enbek Koғamyna karaj 20 kadam. //Egemen Kazakstan. 2012 zh. 10 shilde.

4 Kazakstan Respublikasynyn 2015 zhylға dejingi bilim berudi damytu tuzhyrymdamasy. – Astana, 26 zheltoksan, 2003zh.

5 Kazakstan Respublikasynda bilim berudi damytudyn 2005-2010 zhyldarga arnalgan Memlekettik bařdarlamasy. – Astana.11 kazan, 2004 zh.

6 Kazakstan Respublikasynyn «Zhalpyga birdej mindetti kukykty okytudy ujymdastyrudyn sharalary» Kaulysy 21mausym – 1995 zh.

7 Muhtarova A.K., Buluktaev Ju.O., Zhirenchin K.A. Koncepcija grazhdanskogo i pravovogo obrazovanija v srednih shkolah Respubliki Kazahstan // Zhalpy tarih zhane kukyktanu mektepte. №2-3/2004. – B. 37-42.

8 Gazizova N. Kukyk negizderi kalaj okytyluda? // Kazak tarihy. – 2002. – N3. – B. 69-71.

9 Kunapina K. Kukyk pənin okytuda kojylatyn talaptar. //Kazakstan tarihy, №8, 2005. – B. 12.

10 Zhurynbaev E. Zhastar zhəne kukyktyk tərbienin manyzy //Akikat. – №7/2006. – B. 64-66.

11 Zharykbaeva D. Kukyktyk tərbienin koғamdaғy roli men manyzy //Bastauysh mektep.– №7/2007. – B. 21-23.

12 Kəkim M. Zandy bilu -zaman talaby. //Kazak tarihy. – №2/2004. – B. 150-155.

13 Ғaly Zh.O. Kukyktyn zhane kazirgi kezdegi ulttyk zannamanyn kөkejkesti məseleleri = Aktual'nye problemy prava i sovremennogo nacional'nogo zakonodatel'stva: Mat. Resp. nauchno-prakt. konf., posv. 10-ju Ugolovnogo i UPK RK (21-22 sent.) – Karagandy. – 2007. – S. 286-288.

14 Təlegenova B. Zhastarga kukyktyk tərbie beru- zhana kazakstandyk azamat kalyptastyrudyn alғy sharttarynyn biri. // Kazakstan tarihy. Adistemelik zhurnal. – 2008. – №11 – B. 76-80.

15 http://today.kz/news/azastan/2013-08-30/415101-44430-2.

Умбетов М.Н.

**Қазақстан Республикасында халықаралық деңгейде адам құқығын қорғау**

Бұл мақалада адам құқықтарына байланысты туындаған мәселелерді шешудің кешенді жүйесін дайындау. Жұмыстың әдістемелік негізі жалпы адам құқықтарын халықаралық деңгейде қорғауға байланысты шет елдік және отандық ғылымдардың ғылыми зерттеулері құрады. Зерттеу жүргізу барысында жүйелік талдау, эксперттік бағалаулар және тағы басқа ғылыми әдістер қолданылды. Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарын халықаралық деңгейде қорғау және қорғауға байланысты органдар мен ұйымдардың кешенді жүйесін саралауға бағытталған.

**Түйін сөздер:** ҚР Конституциясы, ҚР заңдары, адам құқықтары, халықаралық шарттар.

---

Umbetov M.N.

**Basic human rights issues at the international level in Kazakhstan**

The aim of the work is to address human rights issues arising in connection with the preparation of a complex system. The methodological basis of the work related to the protection of human rights at the international level, both foreign and domestic science research. During the study, the analysis of the system, reputation and other scientific methods. Related to the protection of the international protection of human rights in the Republic of Kazakhstan and aimed to analyze the complex system of agencies and organizations.

**Key words:** Constitution of the Republic of Kazakhstan, right human to protect, Rules laws of Kazakhstan.

---

Умбетов М.Н.

**Основные проблемы прав человека на международном уровне в Республике Казахстан**

В статье рассматриваются проблемы прав человека, возникающие в связи с подготовкой комплексной системы, методологической основой работы, связанной с защитой прав человека, на международном уровне, как иностранных, так и отечественных исследований науки. В ходе исследования был проведен анализ системы, репутации и других научных методов. Большое значение придается международной защите прав человека в Республике Казахстан. Авторами был проведен анализ сложной системы органов и организаций РК.

**Ключевые слова:** Конституция РК, законы Республики Казахстан, права человека.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 341.2; 341.231.14

**Умбетов М.Н.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail:umbetov-m@mail.ru

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Қазақстан Республикасы заңдары қоғамдық қатынастарды жөнге келтіріп, реттеп, қоғам мүддесіне зиян келтіруге әрекеттерге тыйым салып, олармен ымырасыз күрес жүргізуге бағытталған. Сондықтан да жеке тұлғалар Қазақстан Конституциясының, Қазақстан заңдары қағидаларын, талаптарын терең түсініп, мүлтіксіз орындайды, өздері ғана орындап қоймай заңдарды жүзеге асыруға атсалысады. Қоғамдық тәртіпті сақтауда басқа да заң бұзушылықпен күреседі. Азаматтардың белсенді қатынасуы қазіргі кезде ерекше маңызға ие. Жеке тұлғалар, азаматтардың борыштарына, міндеттеріне неғұрлым сапалы түрде қараса, соғұрлым мемлекет, қоғам және жеке тұлға ара-қатынасының нәтижесі жемісті болмақ.

Қазіргі кезең – ірі тарихи өзгерістер заманы. Қазақстан Республикасының халықтары тарихи дамудың жаңа серпінінде өркениетті демократиялық қоғамды бірден батыл таңдап алды.

Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауында «Біз жаңа мемлекетті, жаңа нарықтың экономикасы мен жаңа демократияны көптеген өзге де жас мемлекеттер осы тәрізді жолды басынан кешіп те – үлгерген уақытта құру үстіндеміз».

Қазақстан Республикасының Конституциясы Республика аумағына келген шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық мәртебесін белгілейтін негізгі принциптерді бекітті. Егер Конституцияда, заңдар мен халықаралық шарттарда өзгедей көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар да азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, міндеттілік атқарады (12 бап, 4-тармақ).

Қазақстан Республикасы Президентінің «Шетелдік азаматтың құқықтық жағдайлары туралы» Жарлығында шетелдіктердің конституциялық мәртебесі нақтыланады. Онда шетелдік азаматтардың республикадағы мәртебесі туралы халықаралық шарт нормаларының басымдығы орнықтырылды. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар мен шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайлары туралы жарғыдағыдан өзге ереже белгісіне, халықаралық шарттағы ереже қолданылады. Жарлық шетел азаматы және азаматтығы жоқ адам ұғымына түсінік береді. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, өзге мемлекеттің азаматы

екендігі дәлелденген адамдар Қазақстан Республикасындағы шетел азаматы деп танылады. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзге мемлекеттің азаматы екендігіне дәлелдемесі жоқ азаматтар азаматтығы жоқ адамдар деп танылады.

Президент Жарлығында Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайының принциптері берілді. Олар мыналар болып табылады:

1. Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтар да Конституцияда және заңдарда белгіленген барлық құқықтар мен бостандықтарға ие және барлық міндеттерді атқарады. Қазақстан Республикасы Конституциясының II бөлімінде 31 бап бар. Оның 17 бабында Қазақстан Республикасы азаматтары мен шетел азаматтарына бірдей берілген құқықтар мен бостандықтар атқарылар міндеттер туралы айтылады. Бұл берілетін құқықтар мен бостандықтар, атқарылатын міндеттер туралы баптар. Бұл баптарда «шетелдік азамат» термині қолданылмайды, «әркім», «барлығы», «ешкім» деген сөздер пайдаланылады.

2. Шетелдік азаматтардың құқықтары бостандықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленуі мүмкін. Халықаралық шарттар Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарынан туындайтын ережелер белгілеуі мүмкін. Халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасы заңдарында қарастырылғаннан өзге ережелер болуы мүмкін. Егер мұндай шарттар Парламентке бекітілетін болса, ондағы ережелердің Қазақстан Республикасы заңдарындағы ережелерден басымдығы болғаны.

3. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарды шығу тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайларына нәсілдік және ұлттық белгісіне, жынысына, біліміне, тіліне, дінге қатысына, руына және қызмет сипатына қарамастан заң алдында тең. Бұл жалпы ереже алайда, Қазақстан Республикасында танылған халықаралық шарттарда, халықаралық құқықтық актілерде жекелеген топтарға орай нақтылануы мүмкін. Демек, дипломатиялық қатынастағы шетелдік азаматтардың құқықтық мәртебесі қатардағы шетелдік азаматтарға біраз өзгелеу.

4. Шетелдік азаматтар өздеріне берілген құқықтары мен бостандықтарын Қазақстан Республикасының мүддесіне, Қазақстан азаматтарының және оның аумағында тұратын басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарына және заңды мүдделеріне зиян келтірмейтіндей етіп пайдаланулары тиіс. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары шетелдік азаматтарға олар абыройымен орындауға тиісті міндеттер жүктейді. Заңды бұзған жағдайда шетелдік азаматтар тең құқықтық негізде заңдық жауаптылыққа тартылады. Бұл туралы тиісті заңдарда айтылған.

Шетелдік азаматтар: 1) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын және 2) Қазақстан Республикасында уақытша тұратын болып екіге бөлінеді. Ішкі істер органдары тұрақты тұруға рұқсат берген шетелдік азаматтар тұрақты тұратындар деп есептелінеді. Қазақстан Республикасында өзге заңдық негізде тұратындар Қазақстан Республикасына уақытша келгендер деп танылады. Олар Қазақстан Республикасына келуге рұқсат етілген белгілі бір мерзімі өткеннен кейін Қазақстан Республикасынан кетуі тиіс. Президенттің «Шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайлары туралы» Жарлығы белгілі бір жағдайларда шетелдік азаматтыққа Қазақстан Республикасынан кетуге рұқсат етілмеуі мүмкін.

Кетуге: а) мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті немесе халықтың денсаулығын сақтау мүддесіне; ә) Қазақстан азаматтарының заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында; б) егер шетелдік азамат Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуға шақырса; г) егер террорлық әрекеті үшін сотталса және т.б.жағдайларда рұқсат етілмейді.

Шетел азаматы Қазақстан Респуликасының бұған өкілеттігі бар мемлекеттік органдардың басқа мемлекетке баруға рұқсат еткендігі туралы төлқұжатқа соққан белгісі бойынша еркін шыға алады. Шетелдік азаматтың елінің келісімі негізінде шығуының басқа да тәртібі белгіленуі мүмкін.

Белгілі бір жағдайларда шетелдік азаматқа Қазақстаннан шығуға рұқсат етілмейді. Рұқсат етпеу: а) егер шетелдікті қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз болса – істі жүргізу аяқталғанша; ә) егер қылмысы үшін сотталса – жазасын өтегенге дейін; б) егер сот жүктеген міндеттемені орындаудан.

Көрсетілген тыйымдар шетелдік азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу болып табылмайды. Олар адам құқығы туралы халықаралық актілерге қайшы келмейді. Олар Қазақстан мемлекеті органдарының жалпыға бірдей белгіленген заң нормаларына негізделген.

Қазақстан аумағында құқық бұзған шетелдік азаматтар, республиканың азаматтары сияқты жалпы негізде жауаптылыққа тартылады. Сонымен бірге шетелдік азаматтар солар үшін арнайы белгіленген келу тәртібін сақтауы тиіс. Шетелдіктерге құжатсыз тұруға рұқсат етілмейді.

Белгілі бір жағдайда шетелдік азаматтар республика шегінен күштеп шығарылуы мүмкін. Мұндай шаралар, егер шетелдіктің әрекеті мемлекеттік қауіпсіздік мүддесіне қайшы келсе, егер бұл халықтың денсаулығын және имандылығын қорғауға қажет болса және т.б. жағдайларда қолданылады.

Адам құқығын қорғап, бостандығын ардақтау азаматтардың лайықты өмір сүріп, байрақты тұрмыс кешуіне кепілді қалыптастыру әлемдік қауымдастыққа көшіп, ұластырған тәуелсіз Қазақстанның алдына қойған асыл мұраты. Ендеше әрбір адамзаттың эканомикалы әлеуметтік мәдени және саяси да жеке құқықтарын еркін пайдалана алатындай қалыптастырып, халықаралық конвенциялар мен абырой таластырар күн де алыс емес шығар.

Мемлекеттегі заңды, атқарушы және сот билігі арасындағы қарым-қатынасты, қызмет функцияларын баяндай отырып, мемлекеттік биліктер арасындағы өзара байланыс, оның қалыптасуы мен реті мемлекеттің тарихи және ұлттық ерекшелігімен экономикалық саяси әлеуметтік құралымен байланысты екенін аңғарамыз.

Тарихи тәжірибе және осы заманғы практика билік бөлісу концепциясының құқықтық мемлекет құрудағы негізгі буын екенін билік бөлісуі қағидасы ғасырлар бойы күшін жоймайтынын дәлелдеп отыр.

Билік бөлісу принципін негізінен көптеген мемлекеттердің конституциясы механизмінің тұрақты негізіне айналған.

Мемлекеттік биліктер арасындағы өзара қатынастың конституциялық түрі, оның құрылуының жағдайлары және қызметінің реті мемлекеттің тарихи ерекшелігіне және ұлттық дәстүрлеріне, экономикалық, саяси және әлеуметтік құрылымымен тығыз байланысты дамиды. Сол сияқты біздің Республикамыздың Конституциясының мазмұнына да ұлттық ерекшеліктерінің әсері мол.

Құқықтық мемлекет теориясының бір жағы оның билік қайнар көзі халықта, мемлекет халыққа бағынышты болуы керек, жеке адамдар бостандығы кепілді түрде іс жүзіне асырылып отырылуы керек деп білінуде.

Ал құқықтық мемлекет пен демократия мейілінше тығыз байланысты. Өйткені, демократия жоқ жерде құқықтық мемлекетке де орын жоқ. Шын мәнісіндегі халық билігін құруда мемлекет қоғамға бағынышты болуы керек. Ол сондай-ақ заң жүзінде халықтың еркін жариялаушы саяси ұйым болуы керек. Бірақ осы уақытқа дейін құқықтан гөрі мемлекетке баса назар аударып келеді. Ал құқықтық мемлекеттің құралы ретінде ғана көрінеді. Осының салдарынан азаматтарға құқықтар мен бостандықтарды беретін мемлекет болып сезіледі және сол көзқарас толық қалыптасады. Мұның өзі халықтың мемлекетке кіріптарлығына алып келеді.

Сонымен қазір қоғамда құқықтық мемлекет бар ма, жоқ па деген сұраққа оның іргесі жаңадан қалана бастады дей аламыз.

Жаңадан құрылып жатқан құқықтық мемлекет қалыптасып болуы жағынан ұзақ уақытқа созылады. Өйткені оның қалыптасып дамуы көптеген ішкі және сыртқы факторларға байланысты.

Халықаралық құқық пен халықтық құқық арақатынасы тақырыбына келгенде Қазақстан Республикасы бірнеше жылдар бойы Кеңес Одағының құрамында болып, өзіндік халықаралық қызметте құқық жүргізуден шеттеліп отырды, тек 1990 жылы ғана халықаралық құқықтың белсенді субъектісі болып табылды. Осы уақытқа дейін ертеде тұйықталған кеңестік құқықтық мемлекет екі маңызды субъектілердің арасында (мемлекет пен азамат) қарым-қатынас орнағанда, осы қарым-қатынаста азамат үнемі жеңіліс тауып отырды, маңызды қоғамдық қатынас орнатушы үшінші халықаралық бірлестік келді. Енді біздің мемлекетіміз өзін Конституцияның 1-ші бабына сәйкес «Ең жоғарғы құндылығы адамзат баласы болып табылатын әлеуметтік, құқықтық, кеңестік, демократиялық мемлекет», азаматтардың құқықтары мен еркіндігін қамтамасыз ететін, халықаралық құқық нормалары мен қағидаларына сәйкес өз заңнамасын іске асыруды міндеттейтін мемлекет деп бекітті. Сондықтан да посткеңестік елдер алдында, мемлекет пен құқық дамуының кезек күттірмейтін бірінші кезеңінде өз құқығын халықаралық деңгейге, одан кейін мүмкіндігінше жетілдірудің кезекті сатыларына жеткізу міндеті тұр.

Халықаралық және ұлттық құқық қатынастары мәселелерін зерттеу бірте-бірте юриспруденцияға толық бағытпен ауысады және аталған жұмыс осы мәселені талдауға талаптанған тұңғыш жұмыстардың қатарына жатады. Адам өз бостандығы, құқығы және мүддесін қанағаттандыру үшін күресі нормативтік-құқықтық құжаттарда айқын көрінеді. Оларға мына құжаттарды жатқызуға: «Великая партия вольностей (1215), «Англия құқық туралы петиция (1628), Х. Корпус Акт» (1679), «Америка Құрама Штаттарының тәуелсіздігінің Декларациясы (1776), соның ішіндегі атап айтарлық бүкіл ұлт ұйым қабылданған «Адам құқығының жалпы декларациясы» (10 қаңтар, 1948 жыл).

Қазіргі замандағы демократиялық мемлекеттерде адам құқығы мен бостандығына мемлекеттің ішкі құқығы және халықаралық құқығымен кепілдік беріледі. Қазақстан Республикасының Конституциясының 4 бабының үшінші тармақтарында былай көрсетілген «Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарының басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап ету жағдайда басқа реттерде тікелей қолданылады», байқап отырсақ, халықаралық шарт ұлттық заңмен жоғары тұр.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялағаннан бері адам құқығы мен бостандығының сан қырлы жақтарын қамтамасыз етуде алға ұмтылушылық байқалуда. Тәуелсіз егеменді мемлекет ретінде өмір сүріп жатқан жылдар ішінде адам құқығы мен бостандығына кепілдік берілетін заңдар жүйесі қалыптасуда. Бірақ осы заңдар іс жүзінде толық қолдануы жайында сөз қозғауға әлі ерте.

Адам құқығы мен бостандығының тұрақты қалыптасуында мемлекеттен алатын орны өте маңызды. Қоғамда өмір сүретін адамдар келісіміне келіп мемлекет құруға бел байлады және өз құқықтарын мемлекет тарапынан қамтамасыз ететін кепілдікке айырбастайды – дейді Т. Гоббе.

Мұнда адамдар жаратылыс құқынан айырылып, оның орнына азаматтық бостандыққа ие болады. Әрине адам құқығы мен бостандығы абсолютті болуы мүмкін емес, оның мемлекет анықтайтын жаратылыстық шегі бар, себебі ол барлық адамдар үшін тиеселі – деп тұжырымдайды Аристотель.

Жеке тұлға құқықтары мен бостандықтарын іске асыру процесінде мемлекет бір жақты бақылаушы ретінде көрінбейді. Керісінше қоғам мүшелеріне тең әсер етуші ретінде көрінеді, яғни жеке қоғам мүшелеріне эгоистік мүдделерін жалпы бірдей қылып келістіреді және осы жерде оны шешуде құқықтық әдіс амалдарды қолданылады. Мұнда мына формуланы алға қою керек: «Өзіңе біреу қалай қарым-қатынас жасауы керек деп ойласаң, оған да солай жаса».

В отношении пищевых продуктов намечалось разработать параметры, обязательные для информирования потребителей: состав, вес или объем, калорийность, дата изготовления и другая полезная информация. На Комиссию возлагалось провести сравнительные исследования существующих в странах Сообщества процедур консультирования потребителей и представителей потребителей через организации и общества защиты потребителей, а также побудить имеющиеся потребительские организации и общества к обмену информацией и опытом [1].

Вторая Программа ЕЭС о защите прав потребителей и информационной политике была принята 19 мая 1981 г. Эта Программа обеспечивала преемственность в решении задач, определенных в первой Программе и определяла дальнейшую политику Сообщества в данном направлении. Вторая Программа ЕЭС аналогично первой устанавливала принципы обеспечения основных прав потребителей. Отмечалось, что гарантия безопасности жизни и здоровья потребителей осуществляется путем гармонизации норм, относящихся к безопасности некоторых товаров; причем этот процесс не должен мешать свободному перемещению товаров внутри Сообщества. Гармонизация норм подразумевает установление определенных параметров качества, извещение о наличии в государстве – члене ЕЭС специальных норм анализа, тестирования, маркировки, стандартов безопасности [2].

При защите экономических интересов потребителей Программа учитывала принципы, заложенные в первой, одновременно предусматривая и новые направления – защиту специфических групп потребителей, учет интересов потребителей при проведении сельскохозяйственной политики, особенно в отношении цен и уровня снабжения [1].

Практика контроля за соблюдением законодательства о защите прав потребителей свидетельствует о явных пробелах в правовой культуре предпринимателей. Обусловлены они, главным образом, незнанием предпринимателями законодательства о защите прав

потребителей и других нормативных актов. По-прежнему не вошли в практику делового обращения предпринимателей такие критерии, как взаимная ответственность, доброжелательность и порядочность по отношению к потребителю и заинтересованность продавца (изготовителя) в продаже качественного товара (услуги). В связи с этим организациям по защите прав потребителей необходимо организовать комплексную работу с предпринимателями, проводить обучающие семинары по разъяснению правил торговли и законодательства о защите прав потребителей.

**Литература**

1 Объекты гражданских прав: монография / отв. Ред. М.К. Сулейменов – Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2008.

2 Сергеев А.П. Право интеллектуальной собственности в Российской Федерации. – М.: Теис, 1996.

**References**

1 Obekty grajdanskyh prav: Monografya /Otv. red. M.K. Culemenov – Almaty: NII chastnogo prava KazGYU, 2008.

2 Cergeev A.P. Pravo intellectualnoi sobstvennosti v Rossiiskoi Federacii. – M.: Teis, 1996.

Ергөбек Ш.Қ., Саламатов Ш.Ж.

**Кедендік кодекс кедендік қатынастарды реттеудегі негізгі қайнар көз ретінде**

Мақалада бүгінгі таңдағы Қазақстан Республикасы Кеден ісі туралы Кодексі Қазақстан Республикасы кеден құқығының басты қайнар көзі ретінде зерттеліп талданды. Сонымен қатар, автор заңнамадағы соңғы өзгерістер мен толықтыруларға сай, кедендік заңнамадағы өзгерістерді қарастырады.

**Түйін сөздер:** Кеден Одағы, кеден қызметі, кеден органдары, құқықтық реттеу.

---

Ergobek Sh.K., Salamatov Sh.Zh.

**Customs Code as the main source to regulate customs relations**

Input a word in the article Code of the Republic of Kazakhstan «On Customs Affairs in the Republic of Kazakhstan» as a source of customs law of the Republic of Kazakhstan. And also the author reviewed recent changes in the customs legislation.

**Key words:** Customs Union, customs operations, the customs authorities, the legal regulation.

---

Ергобек Ш.К., Саламатов Ш.Ж.

**Таможенный кодекс как основной источник в регулировании таможенных отношений**

В статье расматривается Кодекс Республики Казахстан «О таможенном деле в Республике Казахстан» как источник таможенного права. Автором также рассмотрены последние изменения в таможенном законодательстве Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** Таможенный союз, таможенная деятельность, таможенные органы, правовое регулирование.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 347.73:336

*Ергөбек Ш.Қ., Саламатов Ш.Ж.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail: Shyngys.ergobek@mail.ru

# КЕДЕНДІК КОДЕКС КЕДЕНДІК ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ ҚАЙНАР КӨЗ РЕТІНДЕ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғанына биыл 24 жыл толады. Біздің елімізде өзіндік құқықтық жүйеміз қалыптасып жатыр. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабында «Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады. Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады» деп жарияланды [1].

Қазіргі заманда құқықтың қайнар көздері туралы көптеген ғылыми көзқарастар бар. Осы ғылыми көзқарастарға байланысты ерте заманнан қазіргі уақытқа дейінгі негізгі ойды қалыптастырады. Құқықтың қайнар көзі туралы негізгі бағытта тарихи тұрғыдан қарасақ бірнеше ой-пікірлер туындатады. Соның барлығы бірнеше монография, оқулық, ғылыми статьяларда орын табуда.

Демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құрып жатқан Қазақстан бүгінгі таңда жауапты да тарихи кезеңді бастан кешіруде. Әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне қадам басқан ел өмірінде көптеген маңызды әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық өзгерістер орын алды. Қатынастар жаңа қарқын алып, олардың мәні түбегейлі өзгерді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алуына байланысты еліміздің әлеуметтік, саяси, құқықтық және экономикалық өмірінің барлық саласы түгелімен өзгерді. Қоғамның жан-жақты даму процесінде ерекше орынды құқық, яғни Конституция мен нормативтік құқықтық актілер иеленеді. Онсыз құқықтық, демократиялық, әлеуметтік, зайырлы мемлекеттің құрылуы мүмкін емес.

Құқық қайнар көздері туралы мәселе құқық теориясы ғылымында басты орын алады және құқық түсінуде басты орынға ие. Кеңестік құқық ғылымында бұл мәселе кластық құқықтық түсінік төңірегінде зерттеліп, құқық қайнар көздерінің жүйесі нормативтік құқықтық актілердің жиынтығымен, яғни заң шығару жүйесімен алынып тасталып отырды.

Қазақстанның 1995 жылғы Конституциясында заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерімен қатар халықаралық шарттардың құқық қайнар көзі ретінде халықаралық құқықтың нормасы мен жалпы танылған қағидаларын бекіту барлық жалпы теориялық түсініктер мен құқық қайнар көздерін қайта саралауға себеп болды.

Еуразия құрлығының үлкен бөлігінде 80-жылдардың аяғы 90-жылдардың басында тоталитарлық империя – КСРО-ның қирауы, оның аумағында жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы процесі жүріп жатты. Бұл өте күрделі процесс болып, белгілі бір мерзімді қамтыды. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі құқықтық негіздің жасалуы оның КСРО құрамында болған дәуірінен басталды. 1990 жылы жарияланған «Қазақстан Советтік Социалистік Республиканың мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы» [2] және 1991 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы [3] мемлекеттік тәуелсіздігінің құқықтық негіздерін қалады.

Сонымен, әлемнің геосаяси картасында жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекеті пайда болды. Қазақстан Республикасының Конституциясында биліктің негізгі көзі оны мекендеуші, өз атамекенінде мемлекеттік биліктің қайнар көзі оны басқа да ұлттық топтар болып табылады. Қазақ мемлекеттілігінің өркендеуінің басты бағыты Қазақстанда өмір сүретін халықтардың егемендігін, тәуелсіздігін, жер аумағын қорғау, елдің экономикалық өркендеуіне жол ашып халықаралық қауымдастықтың беделді мүшесіне айналдыру.

Әрбір мемлекет өзінің мәні мен бағытына сәйкес, өз құқық жүйесін және де сол құқық жүйесіне негізделген мемлекеттік басқару органдары құрылымын қалыптастырады. Өз мемлекеттілігін қайта қалпына келтірген тәуелсіз Қазақстан да жаңа құқықтық негізде жұмыс істейтін мемлекеттік басқару органдарын қалыптастыра бастады. Сол мемлекеттік атқарушы билік органдарының маңызды бір буыны – кеден органдарының қызметі.

Кеден органы қазіргі заманғы мемлекеттік басқарудың буыны болғандықтан өзінің нақты қызмет ету аумағына, өз құзіретіне ие болып отырады. Және қазіргі жалпы әлемдік ғаламдану процесі жүріп жатқан кезеңде мемлекеттік басқару жүйесіндегі кеден органының маңызы мен мәні артып, оған жүктелетін қызметтің де түрі мен бағыты үнемі өзгеріп, түптеп келгенде «кеден органы» түсінігінің өзі жаңаша мәнге ие болуда.

1991 жылы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы бойынша елдің экономикалық мүдделерін қорғау мақсатымен Қазақстан Республикасының Кеден Комитеті құрылды. Құрылу сәтінен бастап, кеден ісі Қазақстан Республикасында экономиканың басқа да маңызды салаларымен бірге бір сатыда тұрды. Мемлекеттің кеден саясатын дұрыс және нәтижелі пайдалануы экономиканың басқа салаларының нәтижелі жұмысын бейнелейтін маңызды кезеңі болады. Осындай, кең көлемді мәселелер кеден ісі органдарының атқарып жатқан күнделікті қызметінсіз шешілмейді.

Кеден ісі Қазақстан Республикасында тауарларды және көлікті Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өткізуін, кеден дайындауын және бақылауын, кеден төлемдерді және салықтарды алуын, кеден тәртібін бұзушылармен күрес жүргізуін, кеден саясатының әр түрлі әдістерін қолдануын, мемлекет және сыртқы экономикалық және басқа әрекеттерді жүргізетін адамдар арасында әкімшілік қатынастарға негізделген кеден тәртібін, кеден саясатын жүзеге асырады.

1993 жылы 10 ақпанда Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті «Қазақстан Республикасының шекарасынан тауарларды өткізу тәртібі және оларды ресми мәлімдеу» атты қаулы [4] шығарды. Бұл қаулы Қазақстан Республикасы Президентінің 25.01.92 жылы шыққан №585 «Қазақстан Республикасында экономиканы тұрақтандыру және нарықтық өзгертулерді кіргізу кезеңінде СЭҚ ұйымдастыру» атты жарлығын орындау мақсатымен шықты. Қаулыда анықталған: Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өтетін тауарлардың және басқа мүліктің СЭҚ шеңберінде ресми мәлімдеуі (декларациясы) болу керек, белгілеген бойынша – жүк кеден декларациясы. Мемлекетіміз егемендік алған уақытта, 1991 жылы 24 желтоқсанда кедендік тариф реттеу мәселелерін қарайтын «Кеден тарифі және салықтар туралы» заң шықты, 1991 жылы 12 желтоқсанда үкіметтің шешімдері бар, нормативтік Кодексіне сай әкімшілік заң бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Кеден Комитетін құру туралы» атты жарлығы шықты. Кеден ісінің құқықтық қамтамасыз етуі заң шығаратын актіде, 1995 жылы 20 шілдеде «Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен жүзеге асырылған. Кеден құқығының қайнар көздері 1998 жылы 24 наурызда қабылданған «Нормативті-құқықтық

актілер туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес жіктеледі және негізгі, негізгі емес болып бөлінеді. Бұл қатарда алдыңғы орында Қазақстан Республикасы Конституциясы, осыдан кейін заңдар, Президент Жарлықтары мен Қаулылары, Үкімет актілері, Кеден комитетінің актілері, құқықтық және кеден ісіне байланысты Қазақстан Республикасы қатысқан халықаралық шарттар мен келісімдер тұр. Соның ішінде 21-баптың мазмұнына үңілетін болсақ, әрбір адам заңдармен тікелей белгіленген жағдайлардан басқа реттерде еркін жүруге, тұрғылықты орнын таңдауға құқығы бар. Әркім республика аумағынан еркін кетуге және ешқандай кедергісіз оралуға құқығы бар. Ал 26-бапқа сәйкес әркімнің кәсіпкерлікпен айналысуға еркі бар, сонымен бірге өзінің мүлкін қандай да болсын заңды кәсіпкерлік қызметке пайдалану бостандығы бар. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» заң күші бар Жарлығының 19-бабы әрбір тұлғаға тауарлар мен көлік құралдарын еркін кіргізуге және шығаруға бірдей құқық береді. Егер заңда тікелей көрсетілмесе, ешкімді де Қазақстан Республикасы аумағына тауарлар мен көлік құралдарын еркін кіргізу немесе шығару құқығынан айыруға немесе оны шектеуге болмайды. Ал Конституцияның 35-бабы заңда белгіленген салықтар, алымдар және басқа да төлемдердің міндетті екендігін анықтайды.

«Кеден ісі туралы» жарлық Қазақстан Республикасы бекіткен ТМД елдерінің заңнамаларының негізінде дайындалған. Қазіргі уақытта кеден органдары өз қызметінде 2010 жылы 30 маусымда шыққан Қазақстан Республикасының Кеден кодексін [5] басшылыққа алған.

Кеден кодексі – ол тікелей әсер ететін құқықтық акті, сол себептен заң күшіндегі актілердің саны шектеліп азаяды. Кеден кодексінің негізгі нормалары: тауарлардың және көліктің кеден дайындау мен кеден бақылауға қажет құжаттарын анықтау, тауарлардың кейбір категориялары (түрлері) үшін арнайы кеден процедураларды (әрекеттерді) белгілеу. Басқару және бағалау жүйесін қолдану, лауазымды адамдардың, СЭҚ қатысушыларының және кеден қызметінің басқа адамдарының (кеден брокерлерінің, уақытша сақтау қойма иелерінің құқықтары мен міндеттерін және жауапкершілігін анық айыру), кеден төлемдерін есептеу, төлеу, қамтамасыз ету және қайтару мәселелерін талдап, тәртібін белгілеу қатынастарын реттейді.

«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының кодексін қолданысқа енгізу туралы» заң мақсаты сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін өтпелі ережелерді ескере отырып, «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының кодексін кезең-кезеңмен қолданысқа енгізу болып табылады.

2007 жылғы 6 қазанда Душанбе қаласында мемлекеттер басшыларының саммитінде қол жеткізген уағдаластықтарға сәйкес Беларусь, Қазақстан және Ресей сынды үш мемлекеттің шеңберінде Кеден одағын құру үшін бірыңғай мәмілелер жасалды. Осыдан кейін алдымызда кедендік тарифті және үшінші елдермен сыртқы сауданы реттеудің өзге шараларын, үшінші елдермен қарым-қатынаста сауда режімін, кедендік баждарды және баламалы күші бар өзге баждарды, салықтарды және алымдарды есептеу және бөлу тәртібін белгілеу туралы мәселелерді шешу міндеті тұрды. Сонымен қатар тауарларды декларациялау мен кедендік төлемдерді төлеу ережесін және кедендік режімдерді қоса алғанда, кедендік реттеудің біріздендірілген тәртібі де айқындалуы тиіс еді. Осындай мақсатты жүзеге асыру, яғни, кедендік реттеуді бірізділендіру мен оның Кеден одағының кедендік аумағында кедендік реттеудің бірыңғай құқықтық негіздерін құру үшін 2009 жылғы 27 қарашада Минск қаласында Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Мемлекет басшылары қабылдаған Кеден одағының Кеден кодексі әзірленді. Оны дайындаудың негізіне Киото қаласында қол қойылған 1999 жылғы редакциядағы Кедендік рәсімдерді үйлестіру мен оңайлатудың халықаралық конвенциясының нормалары алынды. Мұнда, Қазақстан бұл конвенцияға 2009 жылғы ақпанда қосылғанын атап өту қажет. Аталған конвенция Сыртқы экономикалық қызметке (СЭҚ) қатысушылар мен кеден қызметінің арасындағы өзара қарым-қатынастың негізгі принциптерін айқындайды. Ең бастысы, бұл принциптерде кедендік ресімдеудің рәсімдерін оңайлату, бақылауды іріктеу жүйелеріне негізделген декларанттар мен кеден органдары арасындағы қарым-қатынастарды ырықтандыру, тәуекелдерді және посткедендік аудитті қолдану қаралған. Осы орайда Кеден одағына мүше мемлекеттер үшін Кеден одағының Кеден кодексін және бірқатар халықаралық шарттар мен Кеден одағы комиссиясының шешімдерін қабылдауға байланысты тараптардың ұлттық кеден заңнамасын әзірлеуі үшін нормативтік құқықтық база құрылды. Атап айтқанда, кодекстің Жалпы бөлімінде кедендік реттеу және кеден органдары-

ның СЭҚ-қа қатысушылармен қарым-қатынасы саласындағы негізгі ережелер регламенттеледі. Ал Ерекше бөлім кедендік операцияларды жүргізуге, декларациялауға және кедендік рәсімдерге, кедендік төлемдерді есептеу мен өндіріп алу тәртібіне байланысты ережелерді, сондай-ақ кеден ісі саласындағы әкімшілдендіру, оның органдарында қызмет ету шарттары мен тәртібі бойынша ережелерді айқындайды. Осы құжат, яғни, жаңа Кеден кодексі 2010 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген соң, Қазақстан Республикасы кеден органдарының практикасына жаңа түсініктер енгізілетін болады. Сөйтіп бірқатар құқықтық қатынастар жаңадан реттеледі [6].

Кедендік одақ және ТМД шеңберіндегі кодификациялық жұмыстар ішкі аспект болып табылады. Нақты кодификациялық жұмыстарды Кеден Одағы мен Тәуелсіз Елдер Достастығы сияқты біріккен мемлекеттердің аясында жүргізу ішкі аспект болып табылады. Рас, мұнда әрбір мемлекет өзінің егемендігі мен тәуелсіздігіне негізделуі мүмкін және негізделетін болады. Ұлттық заңдарды үйлестіру мақсатына осы жұмыстарды келісімді ұйымдастырғанда жетуге болады. Бұлай болмаған жағдайда, әңгіме модельді заңдар әрекетінің қандай да бір мемлекеттерде таралуы туралы, бұл ішкі мемлекеттік процедураларын, ратификациямен бірге, қосымша орындауға әкеліп соқтырады, не олардың толық көлемде, өзгеріссіз, ұлттық актілер түрінде рәсімделген күйінде қабылдануы туралы болмақ. Ұлттық заңдарды үйлестіру мақсатына қол жеткізуде бірлескен жұмыстардың маңызы зор. Олай болмаған жағдайда, мемлекеттің ішкі процедураларын қосымша өзгертуге тура келеді. Моделдік заң жобаларын қабылдағаннан кейін оларға сәйкесінше түсіндірме беруге тырысу керек. Себебі, олар, құқықтық тәжірибе көрсеткендей, дер кезінде және қысқа мерзімде пайдаланылмай қалуы мүмкін. Қазақстанда кеден саясаты мен кеден ісін біріктіретін кеден саласын қызметтендіру тек қана егеменді елдерге тән, бұл халықаралық кеден заңында қолданылатын құқықтық ұғымдарға кейбір түзетулер енгізуді талап етеді. Сонымен қатар, кеден ісін әрбір мемлекеттің кеден саясаты мен кеден саласының мақсаттары мен міндеттеріне жетудің құралы ретінде қарастыру керек. Осындай тәсіл арқылы Кеден Одағына кіретін мемлекеттердің құқығына қысым жасамай-ақ, оның аумағында бірлесіп жұмыс істеу, не тіпті кеден ісі мен оның құрамдас бөліктерін біріктіру туралы батыл айтуымыз қажет. Бұл ретте кедендік одақ шеңберіндегі кеден ісінің және оның құрамдас бөлігінің бірігуі немесе бірлескен жұмысы жайлы айқын айтуға болады. Бірақ, бұл жерде Одаққа кіретін мемлекеттердің құқықтары ескерілуі қажет [7].

Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы Кодексінің3-бабындаанықталғандай:«Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және мыналардан:осы Кодекстен; қабылдануы осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, кедендік декларацияны немесе өзге де кедендік құжаттарды тіркеу күні қолданылатын кеден ісі саласындағы кедендік-тарифтік реттеу шаралары, тыйым салулар мен шектеулер, Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамалары қолданылады. Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген талаптарды бұза отырып, Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы тауарлар өткізілген кезде, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, тауарлар Кеден одағының кедендік шекарасын іс жүзінде кесіп өткен күні қолданылатын Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамасы, кедендік-тарифтік реттеу шаралары, тыйым салулар мен шектеулер қолданылады. Егер Кеден одағының кедендік шекарасын тауарлар іс жүзінде кесіп өткен күн белгіленбесе, белгіленген талаптарды бұзушылықтар анықталған күні қолданылатын Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамалары, кедендік-тарифтік реттеу шаралары, тыйым салулар мен шектеулер қолданылады. Осы Кодекс Қазақстан Республикасындағы кеден ісінің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін айқындайды және Қазақстан Республикасының егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін қорғауға, Қазақстан экономикасының дүниежүзілік экономикалық қатынастар жүйесіндегі байланыстарын жандандыруға және сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыруға бағытталған» [5].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында [8] Кеден заңнамасы кедендік ережелер мен рәсімдерде халықаралық сауданы және алмасуды дамытуға кедергі келтіретін алшақтықтарды жою және артық әкімшілік кедергілерді азайту

мақсатында мүдделі тараптарға барлық қажетті ақпарат берілуі тиіс, деп көрсетілген. Бұл ретте, «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 10-бабында кеден органдарының негізгі міндеттерінің бірі ретінде кеден ісі саласында ақпарат және кеңес беруді өтеусіз жүзеге асыру белгіленген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін, кеден органдарымен мүдделі тұлғаларға ақпарат және кеңес беру мәселелері Кодекстің арнайы 4-тарауында қарастырылған. Кеден органдары мүдделі тұлғаларға Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына қатысты мәселелер және кеден органдарының құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша кеңестер береді. Кеден органдарының кеңес беруі ауызша және жазбаша нысандарда тегін жүзеге асырылады. Кеден органы мүдделі тұлғаның жазбаша сауал салуы бойынша ақпаратты мүмкіндігінше қысқа мерзімде жазбаша нысанда, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімнен кешіктірмей беруге міндетті. Кеңес беру кезінде кеден органдарының лауазымды адамдары кеден органының атынан кедендік декларацияларды және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден органына ұсынылуға жататын өзге де құжаттарды тексермейді, сондай-ақ мұндай кедендік декларациялар мен құжаттарды жасамайды. Бұл ретте, кеңес беруді жүргізу кезінде мүдделі тұлғаларға берілген ақпарат тауарларға қатысты кедендік операцияларды жасау кезінде кеден органының немесе оның лауазымды адамының шешім қабылдауы немесе іс-әрекет (әрекетсіздік) жасауы үшін негіздеме болып табылмайтындығын ескеру қажет. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы туралы ақпараттандыру ресми және өзге де мерзімдік баспасөз басылымдарында Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының нормативтік-құқықтық актілерін жариялау жолымен, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, олар туралы ақпаратты телевизия және радио арқылы жалпы жұрттың назарына жеткізу жолымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы туралы ақпараттандыру ауызша түсіндірулер мен хабарландырулар, ақпараттық стендтер, табло, буклеттер және өзге де баспа материалдары, сондай-ақ бейне-, дыбыс және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы туралы ақпарат тарату үшін қолданылатын басқа да техникалық құралдар пайдаланыла отырып, оның ішінде көпшіліктің қолы жетімді және тегін таныстырылатын мынадай жерлерде: кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде; әуежайларда, теміржол және автомобиль станцияларында, су порттарында; халықаралық тасымалдарды орындайтын көлік құралдарында; кедендік бақылау аймақтарында, сондай-ақ кеден органдары айқындайтын өзге де жерлерде жүзеге асырады. Кеден органдары тұлғалардың ресми интернет-ресурстарында орналастырылған Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы туралы ақпаратқа олардың кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді [9].

Қорыта айтарымыз, Қазақстанның өзге мемлекеттермен кедендік қарым-қатынастары, әрқилы кедендік келісімдер жасауы, халықаралық кедендік ұжымдарға мүше болуы, Кедендік одақтарға кіруі, т.б. жағдаяттары оның кеден органдарының құқықтық мәртебесі мәселелеріне, кеден құқығы нормаларына терең әсер етері сөзсіз. Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамыту және кеден қызметін халықаралық стандарттар мен Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі талаптарға сәйкес келтіру мақсатында құқықтық базаны одан әрі жаңғырту ісін жалғастыруымыз қажет.

**Әдебиеттер**

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. – Алматы: «Норма М», 2015. – 40 б.

2 «Қазақстан Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы» 1990 жыл 25 қазан

3 Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңы. 1991 жылы 16 желтоқсан

4 Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті «Қазақстан Республикасының шекарасынан тауарларды өткізу тәртібі және оларды ресми мәлімдеу» қаулысы 1993 жыл 10 ақпан

5 Қазақстан Республикасының Кеден ісі туралы Кодексі 2010 жыл 30 маусым

6 Смайылов Б. Жаңа Кеден Кодексі бұл еліміздің интеграциялық мүмкіндіктеріне жол ашады http://egemen.kz/old/2010/?p=8404

7 Әлібеков С.Т. Қазақстан Республикасының кеден құқығы: Оқулық. – Алматы: Нұр-пресс, 2007. – 267 б.

8 «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 24 тамыз 2009 ж. № 858 санды Жарлығы// Егемен Қазақстан-28 тамыз 2009 ж.
9 Тленшин Т. Кеден заңнамасын түсіндіру мәселелері http://ontustik.gov.kz/ru/node/4450

**References**

1 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy. 30.08.1995 zh. – Almaty: «Norma M», 2015 zh. – 40 b.
2 «Kazakstan Sovettik Socialistik Respublikanyn memlekettik egemendigi turaly Deklaracijasy» 1990 zhyl 25 kazan
3 Kazakstan Respublikasynyn «Memlekettik təuelsizdigi turaly» Zany. 1991 zhyly 16 zheltoksan
4 Kazakstan Respublikasynyn Ministrler Kabineti «Kazakstan Respublikasynyn shekarasynan tauarlardy ötkizu tərtibi zhəne olardy resmi məlimdeu» kaulysy 1993 zhyl 10 akpan
5 Kazakstan Respublikasynyn Keden isi turaly Kodeksi 2010 zhyl 30 mausym
6 Smajylov B. Zhana Keden Kodeksi bұl elimizdin integracijalyk mүmkindikterine zhol ashady http://egemen.kz/old/2010/?p=8404
7 Əlibekov S. T. Kazakstan Respublikasynyn keden kұkygy: Okulyk. –Almaty: – Nұr-press, 2007. – 267 b.
8 Kazakstan Respublikasynyn 2010 zhyldan 2020 zhylga dejingi kezenge arnalgan Kұkyktyk sajasat tұzhyrymdamasy» Kazakstan Respublikasy Prezidenttinin 24 tamyz 2009 zh. № 858 sandy Zharlygy// Egemen Kazakstan-28 tamyz 2009 zh.
9 Tlenshin T. Keden zannamasyn tүsindiru məseleleri http://ontustik.gov.kz/ru/node/4450

3-бөлім

# АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ

---

Раздел 3

# ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ТРУДОВОЕ ПРАВО

---

Section 3

# CIVIL LAW AND LABOUR LAW

Тыныбеков С.Т.,
Жақсыбек М.Ж.

**Қазақстан Республикасының заңнамалары негізіндегі бала асырап алудың құқықтық аспектілері**

Берілген мақалада Қазақстан Республикасының заңнамалары негізіндегі бала асырап алудың құқықтық аспектілеріндегі процессуалды мәселелер қарастырылады. Бала асырап алудың құқықтық институты мен оның тиімділігі қарастырылады. Бала асырап алуды жетілдіруге бағытталған шаралар ұсынылады. Қазақстан Республикасындағы бала асырап алудың процестеріндегі мәселелерге айқын мысалдар келтіріледі, оны шешу жолдары ұсынылады.

**Түйін сөздер:** асырап алу, қамқоршылық, ата-ана, құқық, тәрбие.

---

Tynybekov S.T.,
Zhaksybek M.Zh.

**Legal aspects of children adoption under the legislation of the Republic of Kazakhstan**

This article considered procedural problems of children adoptionunder the legislation of the Republic of Kazakhstan. Also considered legal institution of the adoption and its efficiency. There are offering measures to improve the adoption. Sujesting examples for procedural problems of children adoptionunder the legislation of the Republic of Kazakhstan, offering measures to decide them.

**Key words:** adoption, trustee, parents, civil law, fosterage.

---

Тыныбеков С.Т.,
Жаксыбек М.Ж.

**Правовые аспекты усыновления детей по законодательству Республики Казахстан**

В настоящей статье рассматриваются процессуальные проблемы правовых аспектов усыновления детей по законодательству Республики Казахстан. Рассматривается правовой институт усыновления и его эффективность. Предлагаются меры для совершенствования професса усыновления. К процессуальным проблемам усыновления детей по законодательству Республики Казахстан приводятся яркие примеры, предлагаются меры для их решения.

**Ключевые слова:** усыновление (удочерение), попечительство, родители, право, воспитание.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 347.61/.64

**Тыныбеков С.Т., *Жақсыбек М.Ж.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*E-mail:Marat.Zhaksybek@mail.ru

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕГІ БАЛА АСЫРАП АЛУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Балалардың, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың заңды мүдделерінің қорғалуы мен құқықтарының сақталуы – мемлекетіміздің саясатының негізгі басымдылығының бірі болып табылады. Қазіргі таңда адамзат өмірі өрісіндегі бірден-бір маңызды, көңіл бөлетін мәселелердің бірі – бала, оның қазіргі және болашақ тағдыры, оның бақыты, денсаулығы, қауіпсіздігі. Оны қоршап жатқан немесе өмірінде орын алмаған қамқорлық. Нақ осы бағыттар бала өмірінің негізін қалаушы болып табылады және оның дұрыс орналасуынан өміріміздің жалпы мәнді құрылымы айқындалады. Әлемдік қоғамның «балаға оның тұлға ретінде толық және үйлесімді дамуы үшін отбасы ішінде бақыт, махаббат ортасы қажет» деген тұжырымдамасы кездейсоқ емес [1]. Қазақстан Республикасының отбасылық заңнамасы балаларды тәрбиелеуге қабылдаудың бірнеше нысандарын орнатады: қамқоршылық және қорғаншылық, асырап алу, патронат. Алайда осы ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрақты түрде орналастыру нысандарының ішінде асырап алудың орны ерекше.

ҚР-дың Жоғарғы Соты 22.12.2000 жылдан № 17 «Бала асырап алу жайлы істерді қарастыруда соттардың неке және отбасы жайлы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері жайлы» қаулы қабылдады [2], ол бұл мәселелер бойынша басты мәлімдемелерді құрайды. Заңды баспалар беттерінде және бұқаралық ақпарат құралдарында бала асырап алудың құқықтық, әлеуметтік, этикалық мәселелері жиі талқыланады. Алайда көптеген процессуалды мәселелер қатары даулы немесе шешілмеген болып қалуда.

Ең алдымен, бала асырап алу институтының болуының қажеттілігін атап өту керек. Оның үстіне әдебиетте айтылған пікір бойынша, тек туыстары мен жұбайының балаларын асырап алуға рұқсат беруге болады [3]. Асырап алудың барлық басқа жағдайлары баланың мүдделеріне сай келмейтіні жарияланады, себебі қаны басқа адамдар ешқашан да балаға өз ата-анасын алмастыра алмайды. Автор балалардың отбасында тәрбиеленудің басқа түрлерін кеңейтуге жақ, оның ішінде келісілген қатынастар да ұйғарылады. Себебі бұл жағдайда асырап алушы ата-ананың құқықтары мен міндеттері, сонымен қатар қамқор-

шылық және қорғаншылық органдарының асырап алушы отбасына деген қатынастарының міндеттері нақтылануы мүмкін.

Мұндай көзқараспен келісуге болмайды. Бала асырап алу институты қажет. Бұл тек қазіргі таңдағы бала асырап алу мөлшерінің көптігі тәжірибесімен ғана емес, сонымен қатар берілген институттың болу тарихымен дәлелденеді [4]. 1917 жылы бала асырап алуды жоюдың неге алып соққанын ескерсек жеткілікті. Сонда панасыз балалар саны көбейді, балаларды отбасыларына тиісті заңды рәсімдемесіз қабылдау жағдайлары таралды, бала асырап алудың пайда болған қатынастарын бекіту үшін ең болмаса ұқсас құқықтық институттарды қолдануға әрекеттенді. Заңнамалық тыйым салғанға қарамастан, соттарға бала асырап алу жайлы өтінішпен арыздар түсе берді [5].

Бала асырап алуға балама ретінде қарастырылатын, балаларды отбасына орналастырудың басқа тәсілдеріне қатысты келер болсақ, нақты осы асырап алу балаға барынша отбасылық өмір жағдайына жақын мүмкіндік құратынын ескере кетейік. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы жайлы» кодексі (НОжК) [6] баланың отбасында тәрбиеленуіне басымдылық жариялайды және әр баланың отбасында өмір сүруі мен тәрбиеленуі құқығын бекітеді (бап.60 НОжК). Бала асырап алудың құқықтық институтының болуы баланың осы маңызды құқығының сақталуының негізгі кепілінің бірі болып табылады.

«Жаңа туыстар ешқашан көмек бермейді», «аналық түйсік өгей шешеге жат» деген сенім негізсіз. Әрине, қаны бір ата-ана мен балаға қарағанда, қандары бөлек ата-аналар мен балаға тамаша отбасылық қатынастар орнату қиындау. Алайда осыған бола бала асырап алу қажет емес деген шешімге келуге болмайды. Асырап алушы мен асырап алынушы қаншалықты бақытты отбасын құра алатынын барынша анықтай алу үшін психологиялық, генетикалық әдістерді, заңды механизмдерді табу қажет. Әрине, аналық түйсік ылғи «көріне» бермейді. Түрлі мәліметтер бойынша, Қазақстанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар саны оннан, он бес мыңға дейін жетеді [7]. Бірақ бұл балалардың барлығы дерлік жетім емес. Туған әке-шешелерінің өздері кейде көмек көрсетпейді, сонымен қатар балаға қол көтереді. Оған дәлел 2015 жылғы санақ. Мемлекеттік мекемелерде тәрбиеленіп жатқан 96 мыңға жуық балалардың тірі ата-аналары болды. Тәрбиелеуден бас тартқан, ата-аналық құқықтарынан айырылған, бас бостандығынан айыру орындарында болған [8].

Енді Қазақстан Республикасында бала асырап алудың құқықтық аспектілеріндегі процессуалды мәселелерге тоқтала кетейік. Асырап алу істерінің көбісі бұл – өгей әке-шешенің өгей балаларды асырауы (жалпы асырап алу санының 60-64%) болып табылады [9]. Жалпы бала асырап алу мәселесінің қойылуы – оған деген қолайлы отбасылық ортаның құрылғандығының және оның мүдделеріне сай келетіндігінің дәлелі. Ата-ананың баламен тұруы – бала мүдделерінің қорғалуының маңызды кепілі. Алайда, қарастырылып отырған жағдайда құқықтық байланысты рәсімдеу сот шешімі түріндегі мемлекеттік мақұлдауды талап етпейді, ал оның рәсімдеуіне әкімшілік акт жеткілікті деген пікірмен келісуге болмайды [10].

Құқық қорғаудың соттық түрі – азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарының сақталуын қамтамасыз ететін ең қолайлысы екені жалпы мойындалған. Асырап алу жайындағы істерді қарастырғанда тек асырап алынушының ғана емес, сонымен қатар асырап алушылар, ата-аналардың да мүдделері мен құқықтары сақталуы тиіс. ҚР-дың Азаматтық процессуалды кодексінің(АПК) 5-бабы азаматтық сот ісінің мақсаты ретінде азаматтардың келіспейтін құқықтарының қорғалуын да жариялайды [11]. Асырап аларда ата-аналары балаға деген құқықтары мен міндеттерін жоғалтады. Яғни, олардың ата-аналық құқықтары асырап алушылармен келісіледі, таласқа түседі. Кей жағдайларда ата-аналары балаларының асыранып алуына келісім берсе, кей жағдайларда олар өздерінің ата-аналық құқықтарын қорғауға тырысады.

Осылайша, егер өгей балаларды асырап алуды орнату үшін әкімшілік, ал асырап алудың басқа жағдайларына соттық тәртіп орнатылса, асырап алынушы өгей балалардың әке-шешелері, басқа асырап алынушылардың әке-шешелеріне қарағанда нашар жағдайға тап болады. Олар соттық тәртіпте қарастырылатын істе ұсынылатын, ата-аналық құқықты сақтау тәсілдерін қолдану мүмкіндігінен айырылады. Бұған жол беруге болмайды, себебі бұл ҚР-дың Конституциясының 1-бөлімінің 14-бабында бекітілген азаматтардың теңдік қағидасына қайшы келеді.

Асырап алу бойынша зерттелген істердің қатарында мән-жайдың толық емес анықталуы аңғарылды. Ол өз ішінде асырап алынушылардың ата-аналарының асырап алуға келісімін беруге деген құқықтарының бұзылуына мүмкіндік туғызды. Осылайша, М-ң кәмелеттік жасқа толмаған Е-ні асырап алу ісі бойынша, қамқорлық органының тұжырымдамасында

асырап алынушының анасының қайтыс болғаны жайлы айтылады, бірақ ол істің басқа мәліметтерімен дәлелденбейді. Сот кәмелеттік жасқа толмаған асырап алынушының анасының қайтыс болғанын растайтын куәлікті немесе басқа да құжаттарды талап етуі қажет еді.

Азаматтық процессуалды кодексінің 64-бабына сәйкес, сот дәлелдеу мәнін іс бойынша анықтайды. Мұнда асырап алу бойынша барлық істер үшін орнату қажет жағдайлар кіреді. Одан бөлек, істің ерекшелігіне байланысты басқа да жағдайларды анықтау қажет. Көп жағдайда дәлелдеу мәнінің жалпы мәселелері асырап алу бойынша істердің барлығында анықталады, ал істің ерекше жағдайлары ылғи ескерілмейді. Осылайша, М-ң кәмелеттік жасқа толмаған Е-ні асырап алу ісінде, асырап алынушының анасының қайтыс болғаны жайлы айтылады. НОжК-ң 5-тармағы, 100-бабына сәйкес, асырап алынған баланың ата-анасының бірі қайтыс болса, қайтыс болған ата-ананың әке-шешелерінің (баланың ата-әжесінің) өтініші бойынша, қайтыс болған ата-ананың туыстарына қатысы бойынша жеке мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттер сақталуы мүмкін. Әрине егер де баланың мүдделері оны талап етсе. Алайда сот асырап алынушы Е-ң ата-әжесінің тірі не өлі екенін анықтамады, оларды іске қатысуға тартпады, немересімен олардың құқықтық қатынастарының сақталуы жайлы мәселеге деген олардың қатынасын анықтамады.

НОжК-ң 4-тармағы, 97-бабында қарастырылған, асырап алу құпиясын сақтау мақсатында, асырап алынушы мен оның ата-әжесі арасында құқықтық байланысты сақтау жайлы ережені қолдану – тек балаға он жас толғанда немесе асырап алушы баланың аты-жөнін өзгерту бойынша өтініш беріп жатпаса ғана мүмкін болады деген пікір әдебиетте айтылып кеткен. Бірінші жағдайда – асырап алуға баланың келісімі берілуі керек, демек ол бала үшін құпия болмайды. Екінші жағдайда – асырап алынушы ерте ме, кеш пе өзінің аты-жөнінің асырап алушыдан өзгеше екенін аңғаратыны айқын.

Яғни мұндай түсіндірме асырап алынушының мүдделері мен заңнамаға сәйкес келмейді. Өзінің жақын туыстарымен құқықтық байланыстың сақталуына деген бала құқығының алдында асырап алу құпиясының сақталуы басымдылыққа ие деп айту екіталай. Көп жағдайда ата-әжелері немерелеріне үлкен махаббат пен сезіммен қарайды. Ата-анасының бірінің қайтыс болуына байланысты отбасылық қамқорлықтың бір бөлігінен құр қалған баладан, оның жақын туыстарымен қарым-қатынасына деген құқығынан айырып тастау қатал болар еді. Одан басқа, ата-әжесін асырап алу бойынша іске тартпауы асырап алу құпиясын сақтауға септігін тигізетіні күмәнді. Бұл адамдар НОжК-ң 4-тармағының, 97-бабына сәйкес баламен құқықтық байланыстарын сақтағысы келсе, онда олар оны іздестіруге әрекеттенеді, онымен қатынасқа түсуге тырысады. Оларды іске қатысуға жұмылдыру – асырап алу құпиясының жариялануының алдын алуына жағдай туғызады, сонымен қатар асырап алу бойынша шешім қабылданып қойғанда және жаңа отбасылық қатынастар орнағанда баланың туыстары мен асырап алушы арасындағы қажет емес жанжалдарды туғызбайды, олардың немересін асырап алуға қатынастарын уақытылы анықтайды. Ата-әжелері үдерістің қатысушылары бола тұра, асырап алу құпиясының сақталуының қажеттілігі жайлы, оның жарияланғаны үшін міндеттілік жайлы хабардар болады.

Сонымен қатар зерттелген істердің ішінде, Т. азаматының кәмелеттік жасқа толмаған Д.-ні асырап алу ісінде анасының өтініші бойынша, туу туралы куәлікте әкесі жайлы жазу оның сөздерімен жасалған. Сот бұл жағдайды тексермей өтінішті қабылдады, ал бұл Азаматтық процессуалды кодекстің 70 және 317-баптарының бұзылғандығы болып табылады. Осыған ұқсас жағдайлар зерттелген үш істе кездесті. Тек төрт істің бірінде ғана асырап алынушының туу туралы куәлігін берген азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің анықтамасы болған. Онда сәйкес актілік жазу расында анасының сөздерінен жасалғаны жайлы айтылған. Мінекей осындай жағдайлар Қазақстан Республикасында бала асырап алудағы құқықтық аспектілердің процессуалды мәселелері болып табылады.

Асырап алу құрылыстың ақысыз түрі екенін ескере келе, берілген құрылыс түрінің дамуына кедергі келтіретін келесідей факторларды көрсетіп кетсе болады.

Ең алдымен моральді тұрғыға зейін салсақ. Қазақстандық азаматтар ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алғылары келмейді. Қамқоршылық және қорғаншылық органдарында асырап алуға үміткерлердің кезегі байқалмайды. Басқаша айтқанда, ұсыныс сұраныстан бірнеше есеге артық. Және бұл ресми мәліметтерге сәйкес, Қазақстандағы әр жетінші ерлі-зайыптылар жұбының бедеу болғаның өзінде. Бұл неге байланысты?

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың физикалық және психикалық

жағдайларының денсаулықтарына қатысты, қоғамда қалыптасқан теріс пікірмен байланысты [12]. Ережеге сәйкес, ақыл-ой кемтарлығы мен психикалық тежеулік берілген мекемелерде туылғаннан бастап болуына тікелей байланысты. Асырап алынған балалармен даулы жағдайдың туындауына көптеген жағдайда асырап алушылардың психикалық жағдайлары себеп болады. Себебі көп жағдайда балаларды асырап алуға бедеулікке ұшырап, соған байланысты белгілі бір психологиялық қысылу сезінетін, немесе баланы жоғалтып алған және де оны асырап алынғанмен алмастыруға тырысатын тұлғалар бейім. Біздің ойымызша, мұндай тұлғалар алдын ала психологиялық тесттер мен дайындықтар кешенінен өтуі қажет.

Ұйымдастырылған және ақпараттандырылған факторлар қамқоршылық пен қорғаншылық органдарындағы арнайы даярланған, асырап алушылармен жұмыс атқаратын кадрлардың жоқтығымен сипатталады. Олар өз ішінде азаматтарды берілген құрылым түрі жайлы белсенді түрде ақпараттандыру қажет. Соның өзінде ақпараттандыру түрлі жолдармен іске асуы қажет: кездесулер, семинарлар өткізу жолдарымен, кітапшалар, қағаздар шығарумен, электронды құжаттар базасын құрумен, БАҚ-пен белсенді түрде әрекеттесу жолдарымен.

Экономикалық фактордың маңызы зор. Асырап алу құрылыстың ақысыз түрі болып табылатынына қарамастан, материалдық мәселелердің мұнда маңызы үлкен. Себебі асырап алушылар қалыпты отбасыларына теңестіріледі және де ешбір қосымша әлеуметтік қорғау шараларына ие болмайды. Ал бұл, барлық ата-аналары үшін жалпы мәселелер шешілмегенше; төменгі табыс мөлшері, мектепке дейінгі мекемелерге орналастыру, жоғары білім алу, жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету сынды т.б. мемлекет ішіндегі асырап алудың ұлғаюына сүйенуге ерте.

Соңғы жылдары қазақстандық балаларды шет елдік азаматтардың асырап алуы өзекті мәселелердің бірі болып табылуда. Негізгі мәселелердің бірі болып шет елдік асырап алу кезіндегі бақылау жүйесінің жетілдірілмегендігі болып табылады. Қазақстандық тарап шет елге асыранып алынған балалардың тағдыры жайлы мәліметтерді ылғи ала бермейді. Ал бұл аккредиттелген ұйымдар үшін міндетті шарт болып табылады.

Соңғы оқиғаларға сәйкес, осындай мәселелердің салдарынан орын алған, шет елге асыранып алынған қазақстандық екі баланың тағдыры дәлел. Вашингтон штатының тұрғыны Дэвид Кэмпбелл өзінің әйелі Лана Карлсон (49 жаста) мен Қазақстаннан асырап алған екі баласы Куин Карлсон (16 жаста) және Тори Карлсонды (18 жаста) атып өлтірген [13].

Осылайша, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру – бұл жалпыұлттық мәселе болып табылады. Оны шешу қоғамның барлық күштерінің бірігіп ныгаюын; атқарушы, заңшығарушы және соттық биліктердің әрекеттесуін талап етеді. Сонымен қатар, қажетті моральді-психологиялық, ұйымдастырушылық және экономикалық алғышарттарды құру жолдары арқылы, асырап алушылардың отбасына тәрбиелеуге берілетін балалар санын ұлғайтуға бағытталған нәтижелі шараларды қабылдау керек.

**Әдебиеттер**

1 20 ноября 1989 года Генеральная Ассамблея ООН единогласно приняла Конвенцию о правах ребенка. //http://kotlovka.mos.ru/kdn-and-ot/informatsiya/istoriya-sozdaniya-konventsii-oon-i-pravakh-rebenka//

2 «Соттардың бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2000 жылғы 22 желтоқсандағы №17 // adilet.zan.kz//

3 Карелова Г.Н. Реализация прав детей, находящихся в тяжелой жизненной ситуации. – сб.: Социальное законодательство России и Великобритании. – М.: ПРИОР, 2000. – С. 144.

4 Беспалов Ю. Усыновление как способ защиты прав ребенка. – М.: Российская юстиция, 1997. – № 7. – С. 25.

5 Гидулянов П.В. Брак, развод, отыскание отцовства и усыновление. – М., 1925. – С. 51-52; Обзор практики Высшего Судебного Контроля. – М.: Еженедельник советской юстиции. 1922. – № 4. – С.34.

6 «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі// adilet.zan.kz//

7 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 30 наурыздағы № 380 қаулысы // online.zakon.kz//

8 Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 30 наурыздағы №382 қаулысы // Zakon.kz.//

9 В судах Республики Казахстан рассмотрено почти 4 тысячи дел об усыновлении // tengrinews.kz/kazakhstan_news/v-sudah-kazahstana -rassmotreno-pochti-4-tyisyachi-del-ob-usyinovlenii-215129/.

10 Косова О. Усыновление пасынков и падчериц: процедурные вопросы. – М.: Российская юстиция, 2001. – № 2. – С. 44.

11 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ//http://adilet.zan.kz///

12 Синдром «покупательского выбора», отметили специалисты органа опеки и попечительства, присутствует всегда. Чужие близкие: Сб. Беларусь сегодня. 28.01.15.- URL: http: //www.sb.by/post/96298/.

13 Вашингтон штатының тұрғыны Дэвид Кэмпбелл өзінің әйелі мен асырап алған екі баласын атып өлтірген.URL:http://qamshy.kz/home/show/5410/.07.03.2016

**References**

1 20 nojabrja 1989 goda General'naja Assambleja OON edinoglasno prinjala Konvenciju o pravah rebenka. //http://kotlovka.mos.ru/kdn-and-ot/informatsiya/istoriya-sozdaniya-konventsii-oon-i-pravakh-rebenka//

2 «Sottardyn bala asyrap alu turaly isterdi karau kezinde neke (erli-zajyptylyk) zhəne otbasy turaly zannamany koldanuynyn kejbir məseleleri turaly» Kazakstan Respublikasy Zhogargy Sotynyn normativtik kaulysy 2000 zhylgy 22 zheltoksandagy №17 // adilet.zan.kz//

3 Karelova G.N. Realizacija prav detej, nahodjashhihsja v tjazheloj zhiznennoj situacii. – sb.: Social'noe zakonodatel'stvo Rossii i Velikobritanii. – M.: PRIOR. 2000. – S. 144.

4 Bespalov Ju. Usynovlenie kak sposob zashhity prav rebenka. – M.: Rossijskaja justi-cija, 1997. – № 7. – S. 25.

5 Giduljanov P.V. Brak, razvod, otyskanie otcovstva i usynovlenie. – M., 1925. – S. 51-52; Obzor praktiki Vysshego Sudebnogo Kontrolja. – M.: Ezhenedel'nik sovetskoj justicii. 1922. – № 4. – S.34.

6 «Neke (erli-zajyptylyk) zhəne otbasy turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2011 zhylgy 26 zheltoksandagy № 518-IV Kodeksi// adilet.zan.kz//

7 Kazakstan Respublikasy Ykimetinin «Kazakstan Respublikasynyn azamattary bolyp tabylatyn balalardy asyrap aluga beru kagidalaryn bekitu turaly» 2012 zhylgy 30 nauryzdagy № 380 kaulysy // online.zakon.kz//

8 Kazakstan Respublikasy Ykimetinin «Memlekettin korganshylyk zhəne kamkorshylyk zhənindegi funkcijalaryn zhyzege asyru kagidalaryn bekitu turaly» 2012 zhylgy 30 nauryzdagy №382 kaulysy // Zakon.kz.//

9 V sudah Respubliki Kazahstan rassmotreno pochti 4 tysjachi del ob usynovlenii // tengrinews.kz/kazakhstan_news/v-sudah-kazahstana -rassmotreno-pochti-4-tyisyachi-del-ob-usyinovlenii-215129/.

10 Kosova O. Usynovlenie pasynkov i padcheric: procedurnye voprosy. – M.: Rossijskaja justicija. 2001. – № 2. – S. 44.

11 Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk procestik kodeksi 2015 zhylgy 31 kazandagy № 377-V KRZ//http://adilet.zan.kz///

12 Sindrom «pokupatel'skogo vybora», otmetili specialisty organa opeki i popechitel'stva, prisutstvuet vsegda. Chuzhie blizkie. Sb. Belarus' segodnja. 28.01.15.- URL: http: //www.sb.by/post/96298/.

13 Vashington shtatynyn turgyny Djevid Kjempbell өzinin әjeli men asyrap algan eki balasyn atyp өltirgen.URL:http://qamshy.kz/home/show/5410/.07.03.2016

Сулейменова С.Ж.,
Жанильсинова С.С.

**Правовое положение судей Республики Казахстан**

В данной статье дается понятие правового положение судей Республики Казахстан, их права и обязанности. Рассматриваются вопросы судей как специальных субъектов трудового права. Анализируются положения Конституции Республики Казахстан, относящееся к трудо-правовому статусу судей. Рассматриваются специфика содержания трудового договора с судьями и особенности предъявляемых требований для кандидатов на замещение должности судьи, особенности заключения с ними трудового договора. Освещаются проблемные моменты изменения и прекращения полномочий судьи.

**Ключевые слова:** правовое положение судей, права и обязанности судей, судья как субъект трудового права, труд, суд, трудовой договор.

---

Suleymenova S.Zh.,
Zhanilsinova S.S.

**The legal status of judges in the Republic of Kazakhstan**

In this article there is given a concept of the legal status of judges in the Republic of Kazakhstan, their rights and obligations. Discusses the questions of the judges as subjects of labor law. Analyzes the provisions of the Constitution of the Republic of Kazakhstan related to labor-legal the status of judges. Discusses the specifics of the content of an employment contract with the judges and particular requirements for candidates for the position of judges, particularly of signing an employment contract. Highlights problematic aspects of change and termination of powers of the judge.

**Key words:** legal status, rights and obligations of judges, judge as a subject of labor law, labor, court, labor contract.

---

Сулейменова С.Ж.,
Жанильсинова С.С.

**Қазақстан Республикасы судьяларының құқықтық жағдайлары**

Осы мақалада Қазақстан Республикасы судьяларының құқықтық жағдайлары, құқықтары мен міндеттері туралы айтылған. Судьяларға қатысты мәселелер еңбектік құқықтың арнайы субъектілері ретінде қарастырылған. Қазақстан Республикасы Атазаңындағы судьялардың еңбектік-құқықтық мәртебелеріне қатысты ережелер талданған. Судьялармен жасалатын еңбек келісімшарты мазмұнының ерекшеліктері және судья лауазымына үміткерлерге қойылатын талаптардың артықшылықтары, олармен еңбек келісімшартын жасаудың ерекшеліктері қарастырылған. Судьялардың өкілеттіліктерін өзгерту мен тоқтатудың қиын тұстары талданған.

**Түйін сөздер**: судьялардың құқықтық жағдайлары, судьяның құқықтары мен міндеттері, судья еңбек құқығының субъектісі ретінде, еңбек, сот, еңбек келісімшарты.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 349.2

*Сулейменова С.Ж., Жанильсинова С.С.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республики Казахстан, г. Алматы
*E-mail: Salta_jani@mail.ru

# ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ СУДЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев в своем Послании народу Казахстана отметил: «В XXI веке важнейший критерий развитости наций – это безупречная и эффективная национальная судебная система. Независимый и справедливый суд – стержень деятельности любого государства. Без этого ни в одной стране мира, тем более в самых развитых государствах, не может быть ни благоприятного инвестиционного климата, ни высокого уровня благосостояния граждан, ни успешного развития общества» [1].

Intellectual property right is the bedrock of modern economy. However, there is growing evidence that the practice of protection of copyright comes into conflict with other rights, such as the right to freedom of speech. Moreover, total intellectual property protection begins to hinder seriously the development of science and culture. The latest «area of freedom» is the Internet [3].

**References**

1 Dmitry Lisitsyn Biotechnology Companies Are Almost Indistinguishable From the Porn Studios http://www.kommersant.ru/doc/1150588

2 The Dictatorship © (http://online.zakon.kz/Document/? docid=30374296)

3 The monopoly of intelligence. (http://online.zakon.kz/Document/? docid=30374296)

4 Against Intellectual Monopoly (http://www.mignews. com/news/culture/ world/230109_171454_97112.html)

5 Richard Stollman_ Intellectual Property. Wikipedia, http://ru.wikipedia.org/wiki

6 Michele Boldrin, David K. Levine Against Intellectual Monopoly /. – Cambridge: Cambridge University Press, 2008. – viii, 298 p. ISBN 978-0-511-41084-0

7 Popov V. (2011). Do We Need to Protect Intellectual Property Rights? CEFIR and NES working paper № 161. February.

8 Stephan Kinsella Against Intellectual Property. Ludwig von Mises Institute, 2008. ISBN 978-1-933550-32-9

Жапақов С.М.

**Жаңа еңбек кодексі бойынша еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу ерекшеліктері**

Қазақстан Республикасының заңымен қабылданған жаңа еңбек кодексі еліміздің еңбек нарығында әртүрлі өзгерістерді енгізуімен ерекшеленеді. Тіпті, жаңа еңбек кодексінің көлемі де бұрынғыға қарағанда ықшамдалғанын байқауға болады. Сонымен қатар, жаңа кодексте біршама жаңа ұғымдар мен қызмет түрлері қамтылған. Еңбек кодексінде қамтылған мәселелердің жұмыс беруші мен жұмысшы үшін қарым-қатынастардың жаңаша сипатқа енуіне мүмкіндік беретіндігін ескеріп, осы мақалада автор жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу мәселелеріне қатысты өзгерістерді қарастырады. Жаңа Еңбек кодексі бойынша жұмыс берушінің бастамасымен жұмыскермен еңбек шартын бұзудың жаңа негіздері қарастырылған. Автор осы мақалада аталған негіздемелерге талдау жасап, олардың ерекшеліктерін айқындауға тырысқан. Сонымен қатар, автор аталған негіздемелерге қатысты өз пікірін ортаға салған.

**Түйін сөздер**: Еңбек шарты, еңбек кодексі, заң, бап, еңбекақы.

---

Zhapakov S.M.

**Features of termination of the employment contract by the employer according to the new Labour Code**

The new Labour Code, adopted by special law of the Republic of Kazakhstan is different making various changes to the labor market of our country. It may be noted also that even the scope of the Labour Code has decreased. Also, the new Code includes many new concepts and types of activities. Given the fact that covered by the labor code issues provide an opportunity for a new regulate the relationship between the employee and the employer in this article, the author analyzes the changes in respect of termination of the employment contract by the employer.The new Labour Code provides new grounds for terminating an employment contract by the employer. The author of this article analyzes the data base and trying to identify their characteristics. Also, share your opinion with respect to the data bases.

**Key words:** The labor contract, labor law, law, article, wages.

---

Жапаков С.М.

**Особенности расторжения трудового договора по новому трудовому кодексу по инициативе работодателя**

Новый трудовой кодекс, принятый специальным законом Республики Казахстан, отличается внесением разных изменений на рынок труда нашей страны. Можно заметить и то, что даже объем кодекса о труде уменьшился. А новый кодекс охватывает множество новых понятий и вида деятельности. Учитывая то что охваченные трудовым кодексом вопросы дают возможность по-новому регулировать отношения между работником и работодателем, в данной статье автор анализирует изменения по отношению расторжения трудового договора по инициативе работодателя. По новому трудовому кодексу предусмотрены новые основания расторжения трудового договора по инициативе работодателя. Автор в данной статье анализирует данные основания и пытается выявить их особенностей. А также делится своим мнением относительно данных оснований.

**Ключевые слова:** Трудовой договор, труд кодекс, закон, статья, заработная плата.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 349.2

**Жапақов С.М.**

Нархоз университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: Sake.007@mail.ru

# ЖАҢА ЕҢБЕК КОДЕКСІ БОЙЫНША ЕҢБЕК ШАРТЫН ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША БҰЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ұлт жоспарының 83-қадамына сәйкес еңбек қатынастарын ырықтандыру мақсатымен денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі жасаған еңбек кодексінің жобасын 4 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Парламенті қарауға қабылдаған болатын. Парламент Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінде Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова аталған құжатты жан-жақты таныстырған еді. Аталмыш кодекс жобасы Парламентке қабылданған уақыттардан бері әртүрлі ақпарат құралдарында көптеген сарапшы мамандардың, ғылыми қызметкерлердің пікірлері жиі жарияланған болатын. Бұл кодекс соңғы жылдардағы ең көп талқыланған заңдардың бірі болып табылады. Кодекске қатысты айтылған пікірлерді екі түрлі сипаттауға болады, бір сарапшылар жаңа кодекстің еңбек қатынастарын реттеуде заманауи жаңа тетіктер қарастырылғанын, жаңа кодекске сәйкес, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастарды өздігінен және ұжымдық шарт арқылы реттеу принциптері қарастырылғандығын алға тартты. Сонымен қатар, еңбек кодексінің Халықаралық еңбек ұйымының, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының еңбек стандарттарына негізделген еңбек қатынастарын реттеудің жаңа моделін қамтитындығы, кодекс жобасының еңбек қатынастары саласында жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында мемлекеттік араласу шегін айқындауды, еңбек қатынастары субъектілерінің рөлі мен жауапкершілігін жіктеуді көздейтіндігі. Мемлекет өз тарапынан еңбекақылар мен өтемақылардың ең төменгі еңбек стандарттарын орнатып, жұмыс берушілер тарапынан олардың орындалуына бақылау жүргізетіндігі де ресми органдар тарапынан жиі айтылған болатын [1, 1 б.].

Екінші бір мамандар жаңа кодекс жұмыс берушілердің жұмыскерлерге қатысты жағдайын нығайта түскенін ортаға салды. Жаңа еңбек кодексін тіпті «халыққа қарсы жоба» деп атағандар да бар [2, 1 б.].

Үлкен талқылаулардан кейін 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Қазақстан Республикасының заңымен қабылданған жаңа еңбек кодексі еліміздің еңбек нарығында әртүрлі өзгерістерді енгізуімен ерекшеленеді. Тіпті, жаңа еңбек кодексінің көлемі де бұрынғыдан қарағанда ықшамдалғанын байқауға

болады. 2007 жылғы Еңбек кодексі: 6 бөлім, 40 тарау, 341 бапты қамтыған. Ал, 2015 жылғы жаңа Еңбек кодексі: 5 бөлім, 23 тарау, 204 баптан тұрады. Сонымен қатар, жаңа кодексте біршама жаңа ұғымдар мен қызмет түрлері қамтылған. Еңбек кодексінде қамтылған мәселелердің жұмыс беруші мен жұмысшы үшін қарым-қатынастардың жаңаша сипатқа енуіне мүмкіндік беретіндігін ескеріп, осы мақалада біз жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзу мәселелеріне тоқталғанды жөн көрдік.

Жаңа қабылданған еңбек кодексінде жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзудың негіздемелері кеңейтіліп, заң шығарушы оған тағы да қосымша бес негіздеме қосқан, яғни, жаңа еңбек кодексінің 52-бабы жиырма бес негіздемемен беріледі. Заң шығарушы 2007 жылғы кодексте көзделген барлық негіздемені қалдырып оған қосымша бес негіздеме қосқан, олар: 1) жұмыс берушінің экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соққан өндіріс, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі төмендеген; 2) өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымның еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты жұмыскері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау немесе өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша білімін тексеруден қайтадан өтпеген; 3) заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің не меншік иесі уәкілеттік берген тұлғаның (органның) немесе заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімімен атқарушы орган басшысының, заңды тұлғаның алқалы атқарушы органы мүшелерінің, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің және корпоративтік хатшының өкілеттіктері тоқтатылған; 4) тараптардың өзара келісімі бойынша еңбек шартының мерзімін жыл сайын ұзарту құқығы бар жұмыскер «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған; 5) жұмыскер жұмыс берушіге белгісіз себептер бойынша бір айдан астам жұмыста болмаған жағдайларда бұзылуы мүмкін. Сонымен қатар, осы баптың екінші тармағы қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шарты осы жұмыс ол үшін негізгі болып табылатын жұмыскермен еңбек шартын жасасқан жағдайда жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзылуы мүмкіндігін көрсетеді.

Қазіргі кезде орын алып отырған әлемдік экономикалық дағдарыс еліміздің экономикасына да кері әсерін тигізуде. Осының салдарынан үкіметтің жұмыс берушілердің еңбек шартын бір жақты бұзу мүмкіндіктерін арттыруы мәжбүрліліктен туындап отырғандығын мойындамасқа болмайды. Жаңа кодекс бойынша, еңбек келісімінің «өндіріс көлемі, орындалған жұмыс пен қызмет көрсету деңгейі төмендеп, ол мекеменің экономикалық жағдайын нашарлауға соқтырса» жұмыс берушінің бастамасымен бұзылуы мүмкіндігін министрлік «экономикалық жағдайдың ауырлығынан» енгізіліп отырғандығын алға тартқан болатын [3, 1 б.].

Өндірістік қызметті жүзеге асыратын ұйымның еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты жұмыскері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау немесе өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша білімін тексеруден қайтадан өтпеген жағдайда жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан босатылуы тек кәсіпорындағы еңбек қауіпсіздігіне жауап беретін тұлғаға қатысты негіздеме. Яғни, кәсіпорындағы еңбек қауіпсіздігінің жоғары деңгейде сақталуына мемлекет тарапынан жасалған жанама жағдай деп түсінуге болады.

Заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің не меншік иесі уәкілеттік берген тұлғаның (органның) немесе заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімімен атқарушы орган басшысының, заңды тұлғаның алқалы атқарушы органы мүшелерінің, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің және корпоративтік хатшының өкілеттіктері тоқтатылу жағдайын меншік иесіне заң шығарушымен берілген қосымша мүмкіндік ретінде қарастыруға болады.

Тараптардың өзара келісімі бойынша еңбек шартының мерзімін жыл сайын ұзарту құқығы бар жұмыскер «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған жағдайда жұмыс берушінің одан бас тартуы бүгінгі күн үшін аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары жоғарғы білімді жастар арасында жұмыссыздықтың кең етек жаюы мемлекеттің зейнеткерлік жастағы адамдарды жұмыстан өз бастамасымен босатуға жұмыс берушіге мүмкіндік беруіне себеп болып отыр. Бұл турасында елбасы Н.Ә. Назарбаев үкіметтің кеңейтілген кезекті отырысында да айрықша тоқталған болатын. Ол зейнет жасындағы әртүрлі басшылық қызметтегі лауазым иелеріне «Жетер, бәрің 25 жыл отырдыңдар, енді кету керек. Әркімнің зейнетке шығатын кезі белгілі, мен қанша

адамның (зейнетке шықпай) отырғанын білемін, олар барлық деңгейлерде бар… ешкімнің кеткісі келмейді» деген болатын[4, 1 б.].

Жұмыскер жұмыс берушіге белгісіз себептер бойынша бір айдан астам жұмыста болмаған жағдайларда жұмыс берушінің еңбек шартын бұзуы жұмыс берушілердің ұсынысымен енгізілген негіздеме деп санауға болады. Себебі, 2007 жылғы еңбек кодексінің 73 бабының талаптарына сәйкес, жұмыс беруші жұмыскер жұмыс орнында себепсіз болмаған жағдайда одан жазбаша түсініктеме талап етуін көздейтін. Бұл өз кезегінде жұмыстан шығаруға кедергі болатын. Енді жаңа кодекстің 53 бабының 10 тармағына сай бұл мәселе жаңаша жеңілдетілген тәртіппен реттелді.

Атап өткеніміздей, жаңа еңбек кодексі арқылы жұмыс берушіге өз бастамасымен еңбек шартын бұзуға мүмкіндіктердің санының өсуі жұмыскердің құқығын шектеумен еш байланысы жоқ. Тек, заң шығарушы осы кезге дейін заңмен қамтылмаған мәселелерді нақтылап, олардың жүзеге асырылу тәртібін белгілеген. Жалпы алғанда, нарықтық экономика жағдайында еңбек қатынастарының барынша икемді тетіктерін қалыптастыру, енді-енді ғана аяғынан тұрып келе жатқан кәсіпорындарды дамыту, олардың жұмысына кедергі келтіретін кейбір шектеулерді алып тастау немесе жеңілдету сынды мәселелерді заң аясында реттеу еліміз үшін басты мәселелердің бірі. Жаңа қабылданған еңбек кодексі еңбек нарығын дамытудың жаңа жолдарын ашып, шетелдік инвесторларды тартуға оң әсерін тигізе алары сөзсіз. Кодексте жұмыс берушілерге кейбір мүмкіндіктер кеңейтілсе де, олардың заң алдындағы жауапкершілігі барынша күшейтілген. Ендігі жерде жұмыскерге еңбекақы төлеу мәселесі жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасындағы өзара жеке немесе ұжымдық іс-әрекеттеріне байланысты шешілетін болады. Яғни, еңбек ақы жүйесі мен жалақы мөлшері еңбек өнімділігіне байланысты айқындалады. Жаңа еңбек кодексінде жұмыс берушілердің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру, мүгедектерді, жастарды т.б жекелеген санаттар үшін жұмыс орындарын құру мәселелері де қамтылған. Біздің пікірімізше, жаңа қабылданған еңбек кодексі еліміздің еңбек нарығының өсіп-өркендеуіне, жалпы экономиканың оң өзгерістерге бет бұруына жанама болса да жағымды ықпалын тигізе алады.

**Әдебиеттер**

1 Мәметқазыұлы Қ. Жаңа редакциядағы Еңбек кодексінің жобасы мақұлданды //ҚазАқпарат: 07 Қазан 2015. – URL: www.inform.kz/kaz/article/2825783, Accessed: 27.03.2016

2 Глушкова С. Еңбек заңы жобасында жұмыстан шығаруға негіз көбейген //Азаттық орг.сайты: 04.09.2015. – URL: http://www.azattyq.org, Accessed: 27.03.2016

3 Еңбек кодексі жобасы алғашқы оқылымда мақұлданды//«Ақ Жайық» апталық газеті: 30 қыркүйек 2015. –URL: http://www.azh.kz, Accessed: 27.03.2016

4 Назарбаев Н. «Орын босату» жайлы айтты //«Ақ Жайық» апталық газеті: 18 қараша 2015. – URL: http://www.azh.kz, Accessed: 27.03.2016

**References**

1 Mametkazyuly K. Zhana redakcijadagy Enbek kodeksinin zhobasy makuldandy //KazAkparat: 07 Kazan 2015. – URL: www.inform.kz/kaz/article/2825783, Accessed: 27.03.2016

2 Glushkova S. Enbek zany zhobasynda zhumystan shygaruga negiz kobejgen //Azattyk org.sajty: 04.09.2015. – URL: http://www.azattyq.org, Accessed: 27.03.2016

3 Enbek kodeksi zhobasy algashky okylymda makuldandy // «Ak Zhajyk» aptalyk gazeti: 30 kyrkүjek 2015. –URL: http://www.azh.kz, Accessed: 27.03.2016

4 Nazarbaev N. «Oryn bosatu» zhajly ajtty //«Ak Zhajyk» aptalyk gazeti: 18 karasha 2015. – URL: http://www.azh.kz, Accessed: 27.03.2016

Қылышбай П.Қ.

**Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша міндеттемелерді орындау негіздері**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасында міндеттемелердің орындалу жағдайларын реттейтін негізгі ережелер сипаттамасы берілген. Сараптама нәтижесінде автор міндеттемелерді орындау принциптері, пәні, жері, мерзімі және тәсілдерін атап өтеді.

**Түйін сөздер:** міндеттеме, міндеттемені орындау, ақшалай міндеттеме, міндеттемені орындау пәні, міндеттемелерді орындау тәсілдері.

---

Kylyshbay P.K.

**Bases of fulfillment of obligations under the laws of Republic Kazakhstan**

This article provides a description of the basic rules governing the conditions of the fulfillment of obligations in the Republic of Kazakhstan. As a result of analysis, the author observes the principles, object, place, time and methods of performance.

**Key words:** obligation, fulfillment of obligation, pecuniary obligation, object of fulfillment of obligation, methods of performance of obligations.

---

Кылышбай К.П.

**Основы исполнения обязательств по законодательству Республики Казахстан**

В данной статье приводится характеристика основных правил, регулирующих условия исполнения обязательств в Республике Казахстан. В результате анализа автор отмечает принципы, предмет, место, срок и способы исполнения обязательств.

**Ключевые слова:** обязательство, исполнение обязательства, денежное обязательство, предмет исполнения обязательства, способы исполнения обязательств.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 347.2/.3

**Қылышбай П.Қ.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: perizat_kk@bk.ru

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ

Міндеттемелерді орындау дегеніміз борышкердің алған міндеттемесіне сай белгілі бір әрекетті жасауы немесе несие берушінің талап етуі құқығына сәйкес оқшау әрекеткердің жасауды тоқтата тұруы. Міндеттемені орындау көбіне-көп борышкердің белсенді әрекетінен, не әрекетін кейде тоқтата тұруынан көрінеді.

Міндеттемені орындаудың алдына қоятын мақсаты болады. Міндеттемені орындау арқасында азаматтардың, заңды тұлғалардың, мемлекет пен қоғамның тұтастай алғанда материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға қол жеткізіледі. Міндеттемені тиісті дәрежеде орындау оның тоқталуына әкеледі.

Міндеттемені орындаудың құқықтық тәртібі АК-нің 272-291 баптарында, міндеттеменің жекелеген түрлерін реттейтін (мысалы, сатып алу-сату, жеткізу, келісім-шарт, электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ету, жалға беру, мердігерлік және т.б.) нормативтік актілерінде бекітілген [1, 321 б.].

Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан бір жақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді [2, 273-бап].

Міндеттемені орындау Азаматтық кодексте бекітілген принциптерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Оған міндеттемені тиісінше орындау принципі (272-бап) және нақтылай орындау принципі (354-бап) жатады.

Міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс [2, 272-бап].

Бапта тиісінше орындалу принципі айтылған, яғни, ол – тиісті борышкердің, тиісті несие берушіге, тиісті мерзімде, тиісті орында, тиісті затқа қатысты және тиісті тәсілмен орындауы.

Міндеттеме тиісінше орындалды деп саналады, егер орындау нысанына, субъектілерге, орнына, мерзіміне және орындау тәсіліне қатысты барлық шарттар мен талаптар орындалған болса.

Тиісінше орындау принципін жүзеге асырудың нақты тәсілдерін АК ашпайды, ол міндеттеме шарттарына және заңнама талаптарына, ал ондай шарттар болмаса – іскерлік айналым

талаптарына немесе өзге әдетте қойылатын талаптарға сілтеме жасайды.

Нарықтық қатынастардың келуіне байланысты тиісінше орындауға қойылатын талаптардың көпшілігін шарттағы тараптардың өздері анықтайды. Сондықтан АК-да айтылатын міндеттемелердің шарттары тиісінше орындауды анықтаудың жиі қолданылатын тәсілі болып табылады.

Заңнама тиісінше орындаудың талаптарын императивті белгілей алады, яғни біржола, үзілді-кесілді, басқа нұсқаларға жол бермейді. Тараптар бұл талаптарды өзгерте алмайды. Бірақ заңнамада да талап диспозитивті берілуі мүмкін, яғни тараптардың өзге ережелер қабылдауына мүмкіндік беріледі (мысалы, өнімді жеткізу шарты бойынша жөнелту тәсілдері). Бұл ретте, егер тараптар шартта өзгедей жағдайлар қарастырмаса, заңнама талабы қолданылады.

Заң актілерінде әкімшілік актілерінің талаптарын орындау міндеті белгіленген жағдайда, тараптар тиісінше орындау үшін осы актілерде белгіленген талаптарды сақтауы тиіс.

Іскерлік айналым дағдысының міндеттемелерін орындағанда қолданудың ең жарқын мысалы ИНКОТЕРМС ережелері болып табылады, ол халықаралық сатып алу-сату шарттарын орындағанда ұдайы қолданылады.

Әдетте қойылатын талаптар, көбіне, орындау нысаны болып табылатын тауар, жұмыс және қызмет сапасын анықтағанда қолданылады. Бұл талаптар заңнамада немесе шарт белгілі бір тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің белгіленген сапа стандарттары болмаған жағдайларда қолданылады. Сондай немесе ұқсас тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге (түріне, сортына, т.б.) әдетте қойылатын талаптар қолданылады.

Тиісінше орындау барлық реттерде міндеттемені тоқтатады және борышкерді міндетін орындаудан босатады. Тиісінше орындамау несие берушіге міндеттеменің нақты орындалуын (АК-ның 354-бабының 1-тармағы) және азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларын қолдануды талап етуге негіз береді.

Нақты орындау принципі АК-ның 354-бабында келтірілген және оның мәні – залалдың өтелгендігіне қарамастан міндеттемені заттай орындау керектігінде (яғни, міндеттеменің нысаны болып келетін сол әрекеттерді жасау). Сонымен қатар бұл заттай орындау принципінің қолданылуын бұрынғы заңнамамен салыстырғанда қатты шектеді. Тиісінше орындамаған жағдайда тұрақсыздық айыппұлын төлеу және шығындарды өтеу борышкерді міндеттемені орындаудан босатпайды, яғни нақты орындау принципі күшінде болады. Бірақ міндеттемені орындамау жағдайында шығынды өтеу және тұрақсыздық айыппұл төлеу борышкерді міндеттемені заттай орындаудан босатады, яғни кері принцип қолданылады.

Екі принцип те диспозитивтік сипаттағы жалпы ереже ретінде қолданылады, бірақ заң актілері мен шартта өзгедей көзделуі мүмкін [3,609-611 б.].

Міндеттемені орындау пәні – борышкер міндеттемеге сәйкес несие берушіге беруге, орындауға немесе көрсетуге тиісті зат, жұмыс немесе қызмет. Пәнге қойылатын тиісінше талап сапа және сан ұғымы арқылы көрініс табады. Сапа шартқа сәйкес анықталады.

Орындау пәні, бұл – мүлік. Орындаудың негізгі пәні ретінде заттар есептеледі. Орындау пәні зат емес мүліктер де, атап айтқанда, міндеттемелік құқық та, интеллектуалдық меншік те болуы мүмкін. Орындау пәні өзіне затты да, талап қою құқығын да, борыштарды да қамтитын мүліктік кешен болуы мүмкін [3, 611 б.].

Міндеттемені тиісінше орындау үшін, борышкер міндеттемеде көрсетілген пәнді орындауға тиіс, пәнге қойылатын талаптар шартта көрсетіледі. Ал, олай болмаған жағдайда дәстүрлі құқықпен шешіледі[1, 325 б.].

Міндеттемені орындау пәніне қатысты айрықша талаптар ақшалай міндеттемелерді орындауға қойылады.

Ақшалай міндетеме Қазақстан Республикасы аумағында теңгемен көрініс табуы тиіс [2, 127-бап]. Міндеттемелер бойынша есеп-қисапты ҚР-дың аумағында жүзеге асырғанда шетел валютасын, сондай-ақ шетел валютасындағы төлемдік құжаттарды пайдалануға ҚР-дың заң актілерінде анықталған реттерде және жағдайларда немесе оларда белгіленген тәртіптерде жол беріледі. Ақшалай міндеттемеде борыш шетел валютасы түріндегі белгілі бір сомаға тең теңге түріндегі сомада төленуге тиіс екендігі көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда теңгемен төленуге тиісті сома Ұлттық Банктің тиісті шетел валютасы үшін төлем күні белгіленген ресми бағамы бойынша не тараптардың келісімімен белгіленген өзге бағаммен айқындалады.

Егер ақшалай міндеттеме бойынша жасалған төлемнің сомасы барлық борышты өтеу үшін жеткіліксіз болса, онда өтеу мына тәртіпте жүргізіледі: бірінші кезекте – несие берушінің борышкерден орындауды алумен байланысты шығыны. Екінші кезекте тұрақсыздық үшін айыппұл төленеді, ол төлеу мерзімнің өткені үшін өсімақы болып табылады және мүліктік жауаптылықтың бір түріне жатады. Үшінші кезекте сыйақыны өтеу жүргізіледі. Ең соңында негізгі борыштың сомасы өтеледі. [3,612 б.]

Ал, егер міндеттемеде ол орындалатын мерзім көзделмесе және бұл мерзімді анықтауға мүмкіндік беретін шарттар болмаса, ол міндеттеме пайда болғаннан кейін ақылға қонымды мерзімде орындалуға тиіс. Ақылға қонымды мерзімде орындалмаған, сол сияқты орындалу мерзімі талап етілетін кезең белгіленген міндеттемені, егер заңдарды, міндеттеме шарттарынан, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан және міндеттеме мәнінен басқа мерзімге орындау міндеті туындамаса, борышкер несие беруші оның орындалуын талап еткен күннен бастап жеті күн мерзімінде орындауға міндетті. [2, 277-бап].

Міндеттеме орындалатын жер – борышкердің заттарды тапсыратын, жұмысты атқарып, қызмет көрсетіп, ақша төлейтін, ал несие берушінің тиісінше орындалғанын қабылдайтын орын. Мәселен, үйді жөндеп, еденді тазалау, терезені сүрту тек үй тұрған жерде ғана жүзеге асады [1,327 б.].

Міндеттемені орындау тәсілі – міндеттеменің орындалуы үшін жасалынуы тиіс әрекеттердің сипаты, борышкердің міндеттемені орындау жөніндегі әрекеттерінің жасалу тәртібі. Орындау тәсілі, әдетте, нақты шарттың жағдайларымен немесе шарттардың кейбір түрлерін реттейтін заңнамамен анықталады.

Міндеттеме орындау бір жолғы (заттың құнын толықтай төлеу) немесе несиеге алған мүліктің құнын жабуы, почта, көлік құралдарына төлеу тәрізді мерзімді түрде әрекет ету болып жүзеге асады. Кейбір міндеттемелер тұтастай және бөліктей орындалуы мүмкін (мысалы, қарыз шарты бойынша қарызды қайтару). Сонымен бірге, егер міндеттеме шартында, заңдарда өзгеше белгіленбесе және іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарды және мәнінен өзгеше туындамаса, несие беруші міндеттемені бөлшектеп орындауды қабылдамауға құқылы.

Борышкер заңда қаралған ретте нотариат кеңсесіне және соттың депозитіне қарызды тапсыруы міндеттемені орындағаны болып есептеледі.

АҚ 291-бабына сәйкес борышкер ақша соммасын және бағалы қағаздарды нотариус пен соттың депозитіне салу құқығына ие. Егер:

1) несие беруші және орындалған істі қабылдауға өзі уәкілдік берген адам міндеттеме орындалуға тиісті жерде болмаса:

2) несие беруші әрекет қабілетсіздігі болып және оның өкілі болмаса;

3) міндеттеме бойынша, атап айтқанда бұл мәселе жөнінде несие беруші мен басқа да адамдар арасындағы дауға байланысты несие берушінің кім екені жайында айқындық болмаса;

4) несие берушінің орындалған істі қабылдаудан жол тартуы және өз тарапынан мерзімін өткізіп алуына байланысты борышкердің міндеттемені орындай алмаса, онда борышкер міндеттемелерін орындау үшін өзінен алатын ақшаны депозит шарттарынан, ал бағалы қағаздарды нотариустың атына сақтау шарттарына, ал заң құжаттарымен белгіленген жағдайларды соттың атынан орналастыруға құқылы. [1, 328-329 б.].

Міндеттемелер заң талаптарына, міндеттеме шарттарына, іскерлік айналым әдет-ғұрпына және өзге де қойылатын талаптарға сәйкес орындалуы тиіс. Тиісті негізде орындалуға қойылатын талаптар әр түрлі болуы мүмкін, атап айтсақ, орындау тиісті мерзімде, тиісті орында, тиісті әдіспен жүзеге асырылуы тиіс. Міндеттемені орындау шарттары тек тараптардың келісімі бойынша немесе заңда бекітілген негіздер бойынша өзгертілуі тиіс.

Міндеттемелер белгілі бір нәтижеге жету үшін, несие беруші мен борышкер арасында белгілі бір құқықтар мен міндеттерді құрайтын міндеттемелер негізінде жасалады. Аталып өткендей, міндеттемелерді орындау көбіне-көп борышкердің белсенді әрекетінен, не әрекетін кейде тоқтата тұруынан көрінеді. Міндеттемелерді орындаудың негізгі ережелері міндеттемелерді орындаудың принциптеріне тікелей байланысты.

**Әдебиеттер**

1 Төлеуғалиев Ғ.И. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. – Алматы: ҚазМЗА, 2001. – 380 б.

2 ҚР Азаматтық Кодексі. – Алматы, 2014. [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000 (10.12.15)

3 Азаматтық құқық. ЖОО арналған оқулық. Өңделген және толықтырылған 2-басылымы. Орысшадан аударғандар: С.Әжібаев, Қ.Байділдаұлы / Жауапты ред.: М.К.Сүлейменов, Ю.Г.Басин. – Алматы, 2003. – I том. – 736 б.

**References**

1 Toleugalyev G.I. Kazakhstan Respublikasynyn azamattyk kukygy. – Almaty: RazMZA, 2001. 380 b.

2 KR Azamattyk Kodeksi. – Almaty, 2014 [Elektrondy resurs]. – Kiru rezhimi: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000 (10.12.15)

3 Azamattyk kukuk. I tom. ZHOO arnalgan okulyk. Ondelgen jane tolyktyrykgan 2- basylymy. Orysshadan audargandar: s.Azhibaev, K.Baidildauly. Zhauapty red.: M.K. Suleimenov, U.G. Basin. – Almaty, 2003. – 736 b.

Амирова Б.К.

**Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың теориялық және тәжірибелік мәселелері**

Мақалада тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері мен АҚШ-тағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау тарихы қарастырылған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасындағы әр түрлі азаматтық-құқықтық қатынастардағы тұтынушылардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғаудағы заң үстемдігін қалыптастыру талданған.

**Түйін сөздер:** Конституция, Конвенция, тұтынушы, құқық, мүдде, егемендік, заң.

---

Amirova B.K.

**The oretical and practical issues of consumer protection**

The article deals with consumer protection issues and the history of the emergence of consumer rights protection in the United States. And also discussed the formation of the rule of law for the protection of rights and legal interests of consumers in all civil and legal relations in the Republic of Kazakhstan.

**Key words:** Constitution, the Convention, the consumer, rights, interests, sovereignty, law.

---

Амирова Б.К.

**Теоретические и практические вопросы защиты прав потребителей**

В статье рассматриваются вопросы защиты прав потребителей и история возникновения защиты прав потребителей в Соединенных Штатах. А также обсуждается формирование верховенства закона для защиты прав и законных интересов потребителей во всех гражданско-правовых отношений в Республике Казахстан.

**Ключевые слова:** Конституция, Конвенция, потребитель, право, интересы, суверенитет, закон.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 342.723

**Амирова Б.К.**

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
E-mail: botaa_1981@mail.ru

# ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы адамның құқығына және бостандығына кепілдік береді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабы тегіне, әлеуметтік, лауазымды және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, намысына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез-келген өзге жағдайлар бойынша ешкімді де кемсітуге болмайды және заң мен сот алдында бәрі тең деп жариялайды [1].

Осыған сәйкес, құқықтық мемлекеттің және өркениетті қоғамның азаматтарының қалыпты өмір сүруіне заңдылық негіз болады. Ал заңдылық азаматтардың заң алдындағы нақты теңдігін қамтамасыз етуге қабілетті қоғам жағдайында ғана орын алуы мүмкін. Мұндай жағдай барлық азаматтарға, қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиімді жағдай жасау, нарықтық экономикалық қатынастардағы материалдық игіліктерді өндіру саласында теңдікті қамтамасыз ету арқылы қалыптасады.

Қазақстандағы тұтынушылар қозғалысының даму тарихын қарастырмас бұрын біз оның қалай туындағанын және оның даму тенденциясы қалай екенін білуіміз қажет. Алғаш рет тұтынушылар қозғалысы АҚШ-та туындаған, қазіргі кездегі консюмеризмнің түп-тамыры осы жерден шыққан.

Консьюмеризм бұл тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған қоғамдық қозғалыс. Консьюмеризмнің мақсаттарының бірі бұл тауар өндіруші мен сатушылардың, сондай-ақ бизнес инфрақұрылымының өзге қатысушылардың, соның ішінде жарнама агенттердің қызметін реттеу болып табылады. Сол себепті консьюмеризм маркетологтардың тұтынушылық мінез-құлқына ықпалымен байланысты.

Консьюмеризм 60-шы жылдардың ортасында АҚШ-та пайда болды. «Консьюмеризм» деген ұғым тұтынушының «егемендігі» (еркіндігі және дербестігі) деген ұғымның орнына келді. Бұл экономикалық дамуының, сатушы нарығынан сатып алушы нарығына көшуінің нәтижесі [2, 88].

Қазіргі әлемде тұтынушылардың өздерінің құқықтарын қорғауға арналған қозғалысы даму өрісін алған. Әр түрлі журналдар, жарнама қолданылады. Тұтынушыларға кеңес беру жүргізіледі, тауарға дербес сараптама жүргізіледі, сапасыз тауарлар мен қызметтерге талап қойылады. Тұтынушыларды

осы тұрғыдан ағарту жұмысы, тұтыну мәдениеті белсенді түрде дамып келеді.

Консьюмеризм қоғамдық қозғалыс ретінде 3 негізгі топтан тұрады:

– Тұтынушыларға бағытталған топтар. Бұл тұтынушылар одақтары немесе конфедерациялары. Мысалы, «Greenpeace».

– Заңнамалар мен реттеу арқылы қызмет ететін мемлекет.

– Бәсекелестік арқылы қызмет ететін бизнес.

Американдық зерттеушілер тұтынушылардың құқықтарын қорғау қозғалысының үш негізгі даму кезеңдерін көрсетеді. Бірінші кезең XIX ғасырдың соңынан басталады. Туындаған әлеуметтік мәселелерді шеше алатын ұйымдарды құру қажеттігі тап осы кезде пісіп жетілді және 1891 жылы Нью-Йоркте алғашқы Тұтынушылар Лигасы пайда болды, ал 1898 жылы жергілікті бастамашы топтар ұлттық федерация – Тұтынушылардың Ұлттық Лигасына бірікті. Екінші кезең XX ғасырдың отызыншы жылдарынан басталады. Бұл кезең бүкіл әлемдік экономикалық тоқыраумен байланысты және осы кезде тұтынушылық сұранымды реттеу арқылы экономиканы реттеу мүмкін болды. 60-жылдардан басталған үшінші кезең бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Оның басталуы АҚШ Президенті Джон Кеннедидің АҚШ азаматтарына жолдаған жолдауымен байланысты. Бұл жолдауда тұтынушылар мәселесін шешу міндетін мемлекет тікелей өз қолына алатындығы айтылған. Осы кезде тұтынушылардың арыздары бойынша көптеген аты шулы сот процестері болды және олар жария өтуі себепті қоғам жетістігіне айналды [3,14].

1962 жылы консьюмеризмнің жаңа кезеңі басталды. Ол президент Кеннедидің Конгресске арналған жолдауына байланысты болды. Бұл жолдау «Тұтынушылардың мүддесін қорғау туралы арнайы мәлімет» деп аталып кеткен, онда тұтынушылардың төрт негізгі құқығы көрсетілді. Олар:

– қауіпсіздік құқығы;

– хабардар болу құқығы;

– таңдау құқығы;

– елеу құқығы.

1970 жылы қоғамның және заң органдарының назары қоршаған ортаны қорғау проблемаларына ауысады. Ауаны ластауды шектейтін, улы заттарға бақылауды күшейтетін және ауыз судың сапасын қадағалайтын заңдар қабылданады. Тұтынушылық өнімдер қауіпсіздігінің комиссиясы құрылды. Оның мақсаты тәуекелден немесе зияннан тұтынушыларды қорғау үшін өнімнің қауіпсіздік стандартын орнату.

1990 жылдың басында АҚШ-та қоршаған ортаны қорғауға мемлекеттік бақылау күшейді. Таза ауа Актісі қабылданды. Қазіргі таңда АҚШ-та тұтынушылардың құқығын көптеген қоғамдық ұйымдар қорғауда. Мысалы, «Consumer's Reesarch», «Consumer for World Trade», «Council for the Advancement of Consumer Policy», «Consumer Alert» және т.с.с. Сонымен қазіргі кездегі тұтынушылардың құқықтары қысқа уақыт аралығында емес, прогрессивтік қауымның өзінің тұтынушылық құқықтары үшін бір жарым ғасыр күресі нәтижесінде қоғамдық және құқықтық жүйедегі өзінің беделді орнын алды [4,27].

Көптеген экономикасы дамыған елдерде тұтынушылар нарықта ұйымдасқан топтар ретінде әрекет жасайды. Бұл тауар өндірушілердің және саудагерлердің әрекеттерін қиындатады, себебі олар тұтынушылардың тек жеке ғана емес, сонымен қатар жалпы талаптарын ескеруі керек. Тұтынушылардың құқықтары абсолютті және дербес болып бөлінеді. Тұтынушыны алдау, тауар сапасын төмендету және т.б. әрекеттерді тұтынушының заңды құқықтарын бұзу ретінде қарастыру керек.

Тұтынушының еркіндігін белгілейтін құралдардың ішінен өзіне тұтынуға керек деп есептейтін затты таңдап, сатып алу, сатушыны және сауда орны мен уақытын, басқа да сатып алу шарттарын еркін түрде таңдау мен нақты мүмкіндігін айтуға болады.

Тұңғыш рет тұтынушылардың құқықтары 1961 жылы АҚШ-та тұжырымдалған еді. Қазіргі кезде тұтынушылардың құқықтары («тұтынушылардың жеті құқығы») жете белгіленген:

1. Өзінің негізгі қажеттерін қанағаттандыру үшін көптеген ұсыныстарының ішінен тауарды таңдауына құқығы бар.

2. Тауардың қауіпсіздігіне және сатушы ұсынысына сәйкес тауардың қажетті дұрыс орындалуына талап қоя алады.

3. Тұтынушы дұрыс шешім қабылдау үшін тауардың негізгі сипаттамалары, сату орны, 61 кепілдемесі және т.б. ақпараттар туралы мәліметті алуына құқығы бар.

4. Сапасыз тауардан қорғауға және оны пайдаланумен байланысты шеккен залал орнын толтыруға құқығы бар.

5. Талаптары тыңдалуға және өзінің мүддесін қорғау кезінде мемлекеттік және қоғамдық органдардан көмек алуға құқығы бар.

6. Тұтынушылық ағарту және жан-жақты білім мен дағды алуға құқығы бар.

7. Жақсы және дені сау өмір сүру үшін қоршаған ортаның таза болуына құқығы бар [5,78].

Тұтынушының негізгі құқықтарын қорғау ісі біздің елімізде «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» заңымен де қарастырылған:

1) тауарларды (орындалатын жұмысты және көрсетілетін қызметті) иеленуге еркін шарт жасасу;

2) тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы ақпаратқа қол жеткізу;

3) тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) туралы, сондай-ақ сатушы (дайындаушы, орындаушы) туралы ақпарат алу;

4) қауіпсіз тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алу;

5) тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) еркін таңдау;

6) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) тиісті сапасы;

7) тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарды айырбастап алуға немесе қайтарып беру;

8) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) кемшіліктері салдарынан өздерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды (зиянды) толық көлемде өтету;

9) сатушыдан (орындаушыдан, дайындаушыдан) тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызмет көрсету) фактісін растайтын құжатты алу;

10) ұтыс түрінде берілген (орындалған, көрсетілген) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапасы бойынша ойындардың бастамашысына (ұйымдастырушысына) кінә қою;

11) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерін құру;

12) моральдық зиянды өтету;

13) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау [6].

Заң бойынша тұтынушы тауарды сатып алу кезінде өндіруші, сақтау мерзімдері, сапа стандарты, негізгі тұтыну қасиеттері, құралы және т.б. туралы мәліметтерін алуға құқығы бар. Қазіргі кезде шетелдік тауарлардың орауында мемлекеттік тілде тауардың құрамы, сақтау мерзімі, тұтыну тәсілдері мен мүмкіндіктері және т.б. мәліметтер жазылуы тиіс. Тауарларға міндетті түрде сертификаттау жүргізіледі.

Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұтынушылар қозғалысының даму тарихын екі аспектіде қарастыруға болады. Олар: тұтынушылар құқықтарын мемлекеттік және қоғамдық қорғау. Тұтынушылардың құқықтарын қоғамдық қорғау мәселесіне осы тараудың екінші параграфы арналғандықтан, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік даму жолына тоқтала кетейін.

1991 жылы Қазақстан Республикасының Сауда Министрлігінің тұтынушылар құқықтарын қорғау бөлімі коммерциялық емес ұйым «Қазақстанның Тұтынушылар Одағы» болып қайта құрылды. Бұл органның негізгі қызметіне сауда қызметін көрсету саласындағы тексерулерді жүргізу жатты. Яғни қайта құрылғанына қарамастан атқаратын қызметі өзгерген жоқ. Жалпы алғанда, бұл кезде тұтынушылардың құқықтарын қорғау белсенді емес еді.

1993 жылы 25 ақпанда шаруашылық жүргізуші субъектілердің және сауда қызметін жүзеге асыратын тұлғалардың сапасыз тауарларды өткізгені үшін жауаптылығын арттыру мақсатында министрлер кабинеті «Сауда ережелерін және тұтынушылардың құқықтарын бұзғаны үшін жауаптылықты күшейту туралы» №152 Қаулысын қабылдады. Осы қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасы теориясындағы қоғамдық тамақтану мекемелерінде және бөлшек сауда жүйелерінде тауарларды сату заңға сәйкес берілетін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік негізінде жүзеге асырылатындығы орнатылды.

Мемлекеттік стандарттарға сәйкес мемлекеттік өндірушілердің де, жеке кәсіпкерлердің де бірдей жауапкершілігі ең алғаш рет орнатылды. Сауда жүйесінде және қоғамдық тамақтану мекемесіне кооперативтер, жеке және кіші кәсіпорындар дайындаған, сонымен бірге жеке еңбек қызметімен шұғылданатын тұлғалардан келіп түскен өнімдерді тиісті қызмет органдары берген сәйкестік сертификаты не стандарттар талаптарына және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкестігін дәлелдейтін құжаты болуы тиіс [7, 144].

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында көптеген оң қадамдар жасалғандығына қарамастан, бұл мәселенің әлі де болса толық шешімі табылмай отыр. Бұл мәселелерді шешу бүгінгі күннің міндеті. Ал менің бұл мәселеге қатысты төмендегідей ұсыныстарым бар:

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында басты рөл атқаратын Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңына өмір талабына сай өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша мемлекеттік дәрежеде де, халықаралық дәрежеде де ақпарат жүйесін қалыптастыру керек. Өйткені біздің тұтынушыларымыз құқықтық жағынан әлі де болса сауаты жоғары деңгейде емес.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін қайта жаңғырту қажет.

Менің ойымша, мемлекеттік органдарда бұрын қызмет атқарған тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарын таратып жіберу уақытынан бұрын жасалған шара.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау ұйымдарын құру және оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсету керек. Бұл ұйымдардың қызметінің мақсаты – тұтынушылардың құқықтарын қорғау болып табылады, сондықтан олар осы салаға қатысты нормативтік актілердің қағаз жүзінде қалмай, нақты орындалуына зор ықпалын тигізеді.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту керек. Өйткені бұл Қазақстандағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау қозғалысының жаңа дәрежеге көтерілуіне және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында жасалатын шаралардың сапасының артуына зор ықпалын тигізеді.

Тұтынушылардың құқығын қорғау мәселесін шешу жолында қоғамдық ұйымдар зор үлесін қоса алады. Қоғамдық ұйымдар ол тұтынушылардың құқығын қорғау бойынша нормативтік-құқықтық актілердің жобаларына өз ұсыныстарын қосуға құқылы (егер комиссияның мүшесінде болса), тауар мен қызметтің сапасына сараптамалар өткізеді, тұтынушылардың сауаттылығын арттыру үшін арнайы курстар, семинарлар, тренингтер өткізеді. Сондай-ақ әдістемелік құралдар, нормативті құқықты-актілердің, заңдардың жинақтары мен оқулықтарды шығарып тұтынушының назарына жеткізе алады. Елімізде сауатты тұтынушылардың менталитетін қалыптастыру үшін тұтынушылардың құқықтарын қорғайтын көптеген тәуелсіз қоғамдық ұйымдар қажет. Егерде елімізде неғұрлым тұтынушылар сауатты болса, соғұрлым кәсіпкерлер адал ниетті болады.

**Әдебиеттер**

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2011.02.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // http://online.zakon.kz/

2 Тасмағамбетов А.Б. Тұтынушылардың мінез-құлқы. – Ақтөбе, 2005. – 164 б.

3 Бердалин А. Правовой статус обшеств защиты прав потребителей // Предприниматель и право. – 2009. – № 19. – С. 14-16.

4 Гайкалов О. Права потребителей в сфере обслуживания // Предприниматель и право. – 2000. – № 12. – С.26-28

5 Энджел Д.Ф., Блэкуел Р.Д., Миниард П.У. Поведение потребителей. – СПб.: «Питер Ком», 1999. – 177 с.

6 «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы (2015.29.10. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // http://online.zakon.kz/

7 Квятковская Т.Г., Осипова Г.М. Домашняя юридическая энциклопедия. Потребителям. – Алматы, 1998. – 358 с.

**References**

1 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy 1995 zhylgy 30 tamyz (2011.02.02. berilgen ozgerister men tolyktyrularmen) // http://online.zakon.kz/

2 Tasmağambetov A.B. Tutynushylardyn minez-kulky. – Aktobe, 2005. – 164 b.

3 Berdalin A. Pravovoj status obshestv zashhity prav potrebitelej // Predprinimatel' i pravo. – 2009. – № 19. – S. 14-16.

4 Gajkalov O. Prava potrebitelej v sfere obsluzhivanija // Predprinimatel' i pravo. – 2000. – № 12. – S. 26-28.

5 Jendzhel D.F., Bljekuel R.D., Miniard P.U. Povedenie potrebitelej. – SPb.: «Piter Kom», 1999. – 177 s.

6 «Tutynushylardyn kukyktaryn korғau turaly» Kazakstan Respublikasynyn 2010 zhylgy 4 mamyrdagy № 274-IV Zany (2015.29.10. berilgen ozgerister men tolyktyrularmen) // http://online.zakon.kz/

7 Kvjatkovskaja T.G., Osipova G.M. Domashnjaja juridicheskaja jenciklopedija. Potrebiteljam. – Almaty, 1998. – 358 s

4-бөлім

# ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚҰҚЫҒЫ

---

Раздел 4

# ИНВЕСТИЦИОННОЕ И ФИНАНСОВОЕ ПРАВО

---

Section 4

# INVESTMENT AND FINANCE LAW

Калиева Г.С., Турсунов Р.

**К вопросу о целесообразности внедрения налога на роскошь в налоговую систему Республики Казахстан**

Данная статья посвящена целесообразности внедрения налога на роскошь в налоговую систему Республики Казахстан как отдельного вида прямого налога. В данной статье рассмотрена история и предпосылки возникновения налога на роскошь, анализ опыта зарубежных стран, а также «налог на роскошь» в Республике Казахстан.

**Ключевые слова:** налог на роскошь, налоговая система, введение налога, доход, обложение, казна, получение доходов.

---

Kalieva G.S., Tursunov R.

**To a question of expediency of introduction of a tax on luxury in tax system of the Republic of Kazakhstan**

This article is devoted to expediency of introduction of a tax on luxury in tax system of the Republic of Kazakhstan as separate type of a direct tax. In this article history and prerequisites of emergence of a tax on luxury, the analysis of experience of foreign countries, and also «a tax on luxury» in the Republic of Kazakhstan is considered.

**Key words:** tax on luxury, tax system, introduction of a tax, income, taxation, treasury, obtaining income.

---

Калиева Г.С., Турсунов Р.

**Қазақстан Республикасының салық жүйесінде байлыққа салық салуды ендірудің мақсатқа сәйкестігі мәселесі**

Берілген мақала Қазақстан Республикасының салық жүйесінде жеке салық түрі ретінде байлыққа салық ендірудің мақсаттылығына арналған. Бұл мақалада байлыққа салық салудың пайда болуы мен алғышарттары, шетел мемлекеттерінің тәжірибелерін талдау және Қазақстан Республикасындағы байлыққа салық салу қарастырылған.

**Түйін сөздер:** байлыққа салық салу, салық жүйесі, салық ендіру, түсім, салу, қазына, пайда табу.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 342.743:336.22

*Калиева Г.С., Турсунов Р.

Казахский национальный университета имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы
*E-mail: kalieva-gs@mail.ru

# К ВОПРОСУ О ЦЕЛЕСООБРАЗНОСТИ ВНЕДРЕНИЯ НАЛОГА НА РОСКОШЬ В НАЛОГОВУЮ СИСТЕМУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Во многих зарубежных странах налог на роскошь вводится с целью борьбы с распределением неравенства получения доходов при реформировании налоговой системы государства. Согласно толковому словарю С.И. Ожегова и Н.Ю. Шведовой [1, с. 723], понятие «роскошь» представляет собой излишества в комфорте, в удовольствиях. Это социально-экономический феномен, связанный с потреблением благ. Предметы роскоши означают товары, спрос на которые растет с получением дополнительного дохода. По цене они доступны только состоятельным людям. Без этих предметов можно обойтись в жизни, но, потребляя их, индивид переходит в новый особый сегмент – класс богачей.

Для более широкого раскрытия темы необходимо изучить предпосылки и историю появления такого понятия, как «налог на роскошь». Налог на роскошь в Европе появился в XVII–XVIII веках. В той или иной форме он сохранился во многих странах. Моралисты и прагматики сходились в том, что траты на роскошь уменьшают долю капитала, идущую на накопление. Исторически налоги на роскошь считаются неким промежуточным этапом на пути к современному прогрессивному налогу, в той или иной форме принятому во всех развитых странах. Британия стала на этот путь в XVIII веке, когда после разгула коррупции при первом министре Уолполе к власти пришел патриотически настроенный идеалист Уильям Питт, который считал, что высшие классы должны платить больше. Питт обложил налогами выездных лошадей (аналог наших люксовых авто), собак, ружья, гербы, часы, золотую и серебряную посуду, перчатки и даже пудру для париков, которые носили аристократы. На самом деле налогами на роскошь Уильям Питт хотел подготовить общественное мнение к идее всеобщего подоходного налога и сделал первые шаги к прогрессивному налогу [2].

В Республике Казахстан, согласно пункту 34 статьи 12 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет», налогами признаются законодательно установленные государством в одностороннем порядке обязательные денежные платежи в бюджет, за исключением случаев, предусмотренных Налоговым Кодексом,

производимые в определенных размерах, носящие безвозвратный и безвозмездный характер [3]. Налог на роскошь представляет собой обложение предметов потребления, которые свидетельствуют о богатстве или об относительной зажиточности. По способу взимания данный налог является прямым, так как уплачивается непосредственно субъектами с имущества или дополнительного дохода налогоплательщика. Обычно им облагаются физические лица, имеющие в личном потреблении предметы роскоши. В некоторых странах этот налог прогрессивный (чем больше стоимость объекта налогообложения, тем больше сумма налога). Ставки дифференцируются в зависимости от цели введения данного налога государством, это объясняется экономической политикой, инфляционными ожиданиями, ростом или спадом ВВП, темпами экономического роста, дефицитом бюджета, социальным расслоением общества и т.д. [4].

Если рассмотреть опыт зарубежной страны, то в первую очередь необходимо рассматривать развитые страны мира, такие как Великобритания, Китай, Франция, США.

Великобритания – это первая в мире страна, Правительство которой ввело налог на сверхприбыль (1915 год), впоследствии ставший основой для применения налога на роскошь в отношении физических лиц. В Великобритании аналогом налога на роскошь является гербовый сбор на дорогую недвижимость, который уплачивается при ее покупке. Ставка налога зависит от стоимости приобретаемого объекта, прогрессивная ставка: 1 процент – для недвижимости стоимостью 125 – 250 тысяч фунтов стерлингов, 3 процента – если оно стоит 250 – 500 тысяч фунтов стерлингов, 4 процента – для объектов дороже 500 тысяч фунтов стерлингов. Собственники недвижимости стоимостью более миллиона фунтов ежегодно отдают государству 5%. В будущем планируется повышение ставки до 7%. Кроме того, власти намерены серьезно ужесточить надзор за уклонением от уплаты гербового сбора [5].

Налог на роскошь в Китае довольно долго является источником значительных доходов для китайского правительства. По данным на 2011 год, на Китай приходилось до 27% оборота рынка предметов роскоши в мире. В 2010 году только на налогах на роскошь государство заработало 188 млрд. долларов, что составляет 78% всех расходов центрального правительства.

